Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»КММ
Мектепалды 0 «А» сыныбы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі:1-апта 02-06 қыркүйек 2025-2026 оқу жылы
Қыркүйек-Құндылық: Еңбеккорлық пен кәсіби біліктілік айы. Апта дәйексөзі: "Білім-қымбат қазына, қанағат тұтпа азына"

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.09	Сейсенбі 02.09	Сәрсенбі 03.09	Бейсенбі 04.09	Жұма05.09
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме оны не қызықтырады,баланың жеке пікірін білдіруге қатысады. **«Күй күмбірі»:«Көңіл толқыны** «авторы :Секен Тұрысбеков **Мақсаты:**балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру(**Адал азамат)**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15 минут: Өнегелі 15 минут: Ата-аналарға кеңестер** **1. Балаңызбен күн сайын сөйлесіңіз** • Сұрақ қойыңыз: «Бүгін не үйрендің?», «Қай ойын ұнады?», т.б. • Бұл – баланың сөздік қорын байытып, өз ойын жеткізуге үйретеді. **2. Үйде күн тәртібін сақтауға көмектесіңіз** • Тұрақты ұйқы (9–10 сағат), • Тамақтану, Серуен және тыныңу уақыты – баланың денсаулығына тікелей әсер етеді.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)		**Достық көмек»** *Ойынның мақсаты:*балаларды зейін қоюға,мейірімділікке,досына көмектесуге тәрбиелеу **(Қарым-қатынас дағд)**	**«Дидактикалық ойын «Мен кіммін?»** **Мақсаты:** қарапайым тұжырымдар жасау қабілетін дамыту. Шарлармен ойнау **(әлеуметтік қызмет дағдылары)**	**«Мақтау сөздер айту»** ***Ойынның мақсаты:*** **достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу.** **(Қарым-қатынас дағд)**	**«Сиқырлы фломастер»** еркін сурет салу. **(сурет салу-шығармашылық қызмет)**

Сканировано с CamScanner

Ертеңгілікжаттығу	**Жаттығу картотекасы** **1. Қолды көтеріп, шапалақтау** Негізгі қалып, қол төмен .Қолды жан-жақтан көтеріп, шапалақтау (5-6 рет) **2. Қол белде, қадам жасау**Оңға 1 қадам + шапалақтау Солға 1 қадам + шапалақтау **3. Отыру, тізені құшақта** Қол белде, отыру + тізені құшақтау (5-6 рет) **4. Алға еңкею, қол жоғары** Аяқты кең ашып тұрып, алға еңкею (5-6 рет) **5. Секіру, шапалақтау** Негізгі қалып, аяқты кең ашып секіру + шапалақтау (6 рет) **6. Жеңіл жүгіру** Бір қатармен жүру **7. Тыныс алу жаттығуы «Сорғыш»** Аяқ қосылып, қол кеуде тұсында,дем ішке, оңға еңкей,дем сыртқа, «СССС» деп айту + қолды жылжыту,дем ішке, солға еңкею«СССС» деп шығару				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)		**<u>Ән ұран орындау</u>** **Жылулық сәті:** Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер **(сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативті іс-әрекет)**	Артикуляциялық жаттығулар Мақсаты: Дыбыстарды анық айту, сөйлеу мүшелерін жаттықтыру. «А-а-а» – ауызды кең ашып айту. «И-и-и» – ерінді жымию. «У-у-у» – ерінді түтікше етіп жиыру. «Ла-ла-ла», «Ра-ра-ра» – тіл ұшын көтеріп айту.	**Ойын: «Қоян секірсін!»Бір орында секіру, қоянды салып ойнау.** **Сөздері:** Қоян болып секірдім, Құлағымды тіктедім. Секіремін, ойнаймын, Достарымды арнаймын!	Дыбысты анық айтуға арналған ойын «Кім жылдам?» Мақсат: Белгілі бір дыбысты тез, анық қайталау. Мысалы: «Су, сусын, суық, сусымалы» (С дыбысы)
Кестегесәйкес ҰІӘ		**Отаным менің –Қазақстан тақырыбында тәрбие сағаты.Мақсаты:Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру** **<u>1.Сауат ашу негіздері</u>** **Дыбыс** **Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу Дыбыс туралы ұғымдарын қалыптастыру 1.Тәрбиеші балаларға дыбыстар дегенміз не? Ер	**<u>1 Математика негіздері</u>** **Кеңістікте бағдарлау** **Міндеті:**кеңістік туралы түсініктерді бекіту, заттың кеңістікте орналасуы (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде) **Д/О:«Қайда барасың, нені табасың?»** **Ойын мақсаты:** заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) йын барысы: Тәрбиеші балаға бағыт береді: «Сен бөлмеде алға жүр, оңға бұрыл, үстелдің астынан не	**1.Сөйлеуді дамыту** **Алғашқы күн** **Міндеті:** Ана тіліндегі дауысты және айтылу және дауысталуы ұқсас дауыссыз б –п,г –ғ,к-қ,ж-ш,з-с,н-ң,дыбыстарын дұрыс анық айтуға үйрету **1.Жұмбақ шешу** Балалар мектеп құралдарына байланысты жұмбақтарлы шешеді. 2.Дидактикалық ойын: «Кім алғыр?» Мақсаты: Заттардың бірінші дыбысын дұрыс анықтау, ұқсас	**<u>1.Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** Қыстап қалатын құстар және жыл құстары **Міндеті:** Жыл құстарымен қыстайтын құстарды ажырата білу,құстардың пайдасы туралы білу,оларға қамқорлық жасау. Педагогтің түсіндіруі (әңгімелесу) Мазмұны: Жыл құстары – жыл сайын жылы жаққа ұшып кететін құстар. Олар жылы жерде

Сканировано с CamScanner

		сұрақ қойып видорик көруді ұсынады.Балалар видеорликті қарайды. **Ойын«Ненің дыбысы?»** **Мақсаты:**естіліп тұрған дыбыстарды,. ненің дыбыстарын естігендерін айту **Дидактикалық ойын: «Не қалай дауыстайды?»** Барысы: Балалар шеңберге немесе тыныш отыратын орынға жиналады. Тәрбиеші дыбысты қосады (мысалы, сағат тықылы). Балалар мұқият тыңдайды. **Тәрбиеші сұрайды:** – Бұл ненің дыбысы? Қандай зат немесе не нәрсе осылай дыбыстайды? Балалар өз болжамдарын айтады. Дұрыс жауап табылған соң, келесі дыбыс қойылады. Нұсқа: Ойынды күрделендіру үшін 2-3 дыбысты қатар қоюға болады. **Күтілетін нәтиже:** Табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуды үйренеді, сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін	табасың?» «Сол жақ бұрышқа бар. Сол жерде не бар?» Балалар берілген бағытпен жүріп, жасырылған затты тауып, қайда тұрғанын сипаттап айтады: «Доп шкафтың ішінде» «Кітап орындықтың үстінде» т.б. **Дидактикалық ойын.** **«Қайда қандай көлік тұр?»** **Мақсаты:**көліктердің орнын анықтай отырып,кеңістікті бағдарлауды үйрету Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орында бірнеше көліктің суреті (мысалы: автобус, жеңіл көлік, жүк көлігі, велосипед, мотоцикл) орналастырылады. Тәрбиеші сұрайды: «Мотоцикл қайда тұр?» «Автобустың артында не тұр?» **Күтілетін нәтиже:** қозғалысты бағыттау: сол жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа, сол бағыттарын біледі. **2.Сауат ашу негіздері** **Дыбыс пен сөз** **Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу Дыбыс туралы ұғымдарын қалыптастыру. **Д/о**	дыбыстарды ажырату. Ойын барысы: Педагог заттардың немесе суреттердің атын атайды (кітап, бөрік, қоян, шеңбер, сөмке, пенал, зырылдауық). Балалар сол сөздің бірінші дыбысын айтады. Ұқсас дыбыстарды салыстыру: б – п, г – ғ, к – қ, ж – ш, з – с, н – ң Мысалы: парта – балық (Қайсысы б, қайсысы п?)Күтілетін нәтиже: Жұмбақтарды шешеді.дыбыстарлың орнын табады **2.Математика негіздері** **Қағаз бетінде бағдарлау** **Міндеті:**Берілген бағытта,оныбелгі бойынша өзгертеотырып, бағдарлауын қалыптастыру **Д/о«Ойыншық қай жерде?»** **Мақсаты:**Балалар суреттерді орналастыру. заттардың атауын айту, оның орналасқан жерін атауға үйрету. **Д/ ойын: «Нұсқамамен ажырат»** **Мақсаты:**Жапырақтың түстерін,орналасқан бағытын нұсқама арқылы ажырату	қыстап, көктемде қайта оралады. 2. **Дидактикалық ойын: «Қай құс ұшып кетті?»** Мақсаты: Құстардың атауын есте сақтау, зейінін дамыту Ойын барысы: Балаларға 4–5 құстың суреті көрсетіледі: қараторғай, қарға, көкек, тоқылдақ, торғай Бір сәтке көздерін жұмады → осы кезде бір сурет алынып тасталады. Педагог: «Қай құс ұшып кетті?» – деп сұрайды. Балалар жетіспейтін құсты тауып, атын атайды. 3. Қимылды ойын: «Құстарды қоректендіреміз» Мақсаты: Құстарға қамқорлық жасауға, дұрыс тамақ таңдауға үйрету Ойын барысы: Педагог суреттер немесе заттар (астық, нан қиқымы, жемістер, құмырсқа, ет, шөп, сүйек т.б.) ұсынады. Алдында түрлі

Сканировано с CamScanner

		түсінеді, дыбыс туралы түсінік калыптасады **2.Коршаган әлеммен таныстыру** Жыл мезгілдері: жаз,күз.Белгілері **Міндеті:** Табиғатпен таныстырубарысындазат тарменқұбылыстардыңөзінетән,сипаттамалықбелгілерінбақылау,талдау, салыстыру,ажырату. Ойын: **«Жұмбақтарды шеш»** **Максаты**:кыс,көктем, жаз және күз екенін тапқызады және әржыл мезгілінің ерекшеліктерін естеріне түсіру **Ойын: «Кім көп айтады?»** Максаты: Жыл мезгілдеріне байланысты сөздер айту. Барысы:Балаларға мезгілдердің атауын айтады тірбиеші Жаз: күн, су, шомылу, гүл, демалыс, көбелек... Күз: жапырақ, жаңбыр, суық, егін, камба, жел...Балалар жалғастырады. **«Жазғы табиғат» суретін беріп, сөйлем құрату:** «Жазда күн жылы. Гүлдер гүлдейді.	**«Бірінші дыбысты қайтала»** **Максаты:** дыбыстарды қайталау,дыбысты есіту Ойын барысы: Педагог баланың алдына түрлі суреттерді (алма, ара, бака, доп, кітап, т.б.) койып, сөздерді атап шығады. Бала сол сөздің бірінші дыбысын анықтап, қайталап айтуы керек. Мысалы:Педагог: «Алма» Бала: «А!»Педагог: «Бақ» Бала: «Б!» **Ойын : «Қай дыбысты естисің?»** Педагог сөздер айтады: алма, бақ, ара, доп. Балалар «А» дыбысын естиді ме, кол көтереді. Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындайды **Күтілетін нәтиже:** Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін біледі, дауыс ауызбен айтылып, құлакпен естілетінін түсінеді. **3.Көркем әдебиет** **Бәрі де бар бақшада** **Міндеті:**Әдеби шығармаларды эмоционалдықабылдауына ықпал ету,олардың мазмұнын түсіндіру,шығарма кейіпкерінің іс –әрекетін бағалау. **Д/ойын** **«Қарап алда есіңе сақта.»** **Максаты:**балаларды көрген суреттерді есіне сақтап,көз	Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау **Күтілетін нәтиже:**заттарын орналасуын белгілеу,білуіажырату **3.Қазақ тілі** АТА-ӘЖе Тәрбиеші балаларға өздерінің ата-әжелері жайында немесе “Мен үлкен адам боламын” әңгімесін айтып беремін; «Ұлттық киімдер» ойыны Тәрбиеші:(Шалбар, көйлек, жейде, кеудеше, жемпір, малакай, тон, колғап, етік, шәлі) суреттерін көрсетіп, ұлттық киімдердің кайсысы кімге тиесілікиіндіреді Әр түрлі затьардың кімге тиесілі екенін ажыратуды үйретеді **Шығармашылық жұмыс** Отбасының суретін салып, «Бұл – менің әкем, бұл – менің анам» деп айтып беру. **Күтілетін нәтиже:** Отбасын құрметтеу керектігін түсінеді **4.Музыка** **«Білімің– бұлағың»** **Міндеті:**Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті калыптастыру.	құстардың суреті тұралы (кала құстары мен орман құстары). **Күтілетін нәтиже:** Балалар әр құска жарамды коректі таңдайды және корек түрін атайды. **2.Сауат ашу негіздері** **Сөз** **Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік калыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыкка баулу . **Д/О «Берілген дыбыска сөз ойла»** **Максаты:** Дыбысты есту, басталатын сөздерді айту **Сюжетті суретпен жұмыс:** Максаты. Суретке карап,балалар не істеп жатканын әңгімелету Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау **Күтілетін нәтиже:**Сөздің мағынасын біледі. **3. Дене шынықтыру** **Салауатты өмір салтын калыптастыру.** **Міндеті:** Салауатты өмір салтын калыптастыру.

Сканировано с CamScanner

		Балалар ойнайды.» «Күзгі орман» суреті: «Күзде жапырақ сарғаяды. Жаңбыр жауады.» **Күтілетін нәтиже:** Жаз,күз мезгілдерінің ерекшеліктерін біледі **<u>3.Көркем әдебиет</u>** **Білімің – бұлағың** **Міндеті:**Балаларды кол жетімді көркем шығармалармен фольклорға,театр әлеміне баулу,кітапқа деген қызығушылығын дамыту **Дидактикалық ойын «Алтын сандық»** Мақсаты:баланың зейінін дамыту, оқу құралдары мен ойыншықтарды атау, ажырату. **Ойын барысы**: Сандықтың ішіне әртүрлі оқу құралдары мен ойыншықтар салынады (мысалы: карындаш, кітап, сызғыш, куыршақ, машина т.б.). Әр бала кезекпен келіп, көзін жұмып, бір затты алып шығады. Затты сипаттап, не екенін айтады: «Бұл – карындаш. Олмен жазамыз». Жетекші: «Бұл ойыншық па, әлде оқу құралы ма?» – деген сұрактармен	алдына елестете отырып ,әр қайсысын ретімен атап,оқуқұралдарына ұқыпты болуға тәрбиелеу **Ойын «Қайтала,жатта» өленді оқу** **«Бәрі де бар бақшада» өлеңі** *(Өтепберген Ақыпбеков)* **Мақсаты:**балалардың есте сақта қабілеттерін дамыту **Топтық ойын:** **«Жаңылтпаштан жаңылмаймын»** **Мақсаты:**топтық жарыс арқылы жаңылтпашқа қызығушылығын арттыру **Күтілетін нәтиже:** Өлең мазмұнын қайталап айтуға ынталанады. Байланыстырып сөйлеу қабылеттері дамиды. **<u>4.Дене шынықтыру</u>** **Спортзал** **Міндеті:**Сапқа тұру ,сап түзеу,сапқа қайта тұру,сапқа бір,екі,үш қатармен тұру,бір – бірінің жанына және бір – бірінің артына тұру. Аяқтың ұшымен жүру,тізені жоғары көтеріп жүру,заттардан аттап жүру **Саптық жаттығулар** **Мақсаты:** Сапқа тұру, түзелу, қатармен тұру (бір қатар, екі қатар, үш қатар), бір-бірінің жанына және артына тұруды меңгеру. Жаттығулар: «Бір қатарға тұрайық!» – балалар бір сызық бойымен	**Музыка тыңдау:**«Қосалқа» Дәулеткерей **Ән айту:**«Білімің– бұлағың» (Т.Қоныратбай) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Қояндар»,«Аю»,«Түлкі »,«Қасқыр» (Т. Ломова) **Билер:** «Жұптасу биі» (чех халық әуені) **Ойындар,хороводтар:** «Айгөлек»казақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова) **Күтілетін нәтиже:** карапайым музыкалық терминдерді түсінеді	Адамағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралытүсініктерді кенейту.Балалардың назарын ағзасымен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс Тамақтану,қимылдар,ұй қыжәнекүн,ауаменсужә неденсаулыққазиянкелті ретінфакторлар туралы түсініктердікенейту **Ойын: «Менің денем»** **Мақсаты:**дене мүшелерін атай отырып оларға канда й күтім жасау керек екені туралы білу **Видеролик карау:** «Денсаулыққа не пайдалы» **Мақсаты:**Тамақтану,қи мылдар,ұйқы және күн,ауамен су және денсаулыққа зиянкелтіретін факторлар туралы түсініктерді кенейту **Күтілетін нәтиже:**Балалардың дене шынықтыруға деген ынтасын қалыптасады **<u>4.Шығармашылық Сурет/мүсіндеу/жапсыру/құрастыру</u>**

Сканировано с CamScanner

		бағыт береді. **Мнемокесте арқылы өлеңді жаттау.** **Ақылбек Шаяхметовтің «Білімің – бұлағың»** **Мақсаты:**Мәнерлеп оқуға баулу Қанатым талмайды, Қиялым самғайды. Ақын да, ғалым да Ұстазсыз болмайды. Мереке күніңмен Құттықтап бүгінмен. Ойыма ой қосам, Сен берген біліммен. **Күтілетін нәтиже:** Білім туралы түсінігі қалыптасады тілдік ойлау қабілетін дамиды **4.Музыка** **«Білімің– бұлағың»** **Міндеті:**Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. **Музыка тыңдау:**«Қосалқа» Дәулеткерей **Ән айту:**«Білімің– бұлағың» (Т.Қоңыратбай) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Қояндар»,«Аю»,«Түлкі»,«Қаскыр» (Т. Ломова) **Билер:** «Жұптасу биі» (чех халық әуені) **Ойындар,хороводтар:** «Айгөлек»қазақтың халық әні (өңдеген Б.	сапқа тұрады. «Екі қатарға бөлінейік!» – педагог нұсқау береді, балалар екі қатарға бөлінеді. «Бір-біріңнің жанына тұрыңдар!» «Енді біріңнің артына тұрыңдар!» «Сапты түзе!» – бұйрық арқылы сызық бойымен түзу тұруға дағдыландыруКүтілетін нәтиже:Сапқа тұру дағдылары қалыптасады **Қимылды ойын: «Өз орныңды тап»** Мақсаты: Саптағы өзінің орнын табуға, тәртіпке, зейінге үйрету. Ойын барысы: Балалар әр түрлі бағытта жүреді (музыкамен немесе педагогтың белгісімен). Белгі берілгенде: «Сапқа тұр!» – дегенде әр бала өзінің бастапқы орнын табу керек. Қателеспей, жылдам сапқа тұра алған балалар мадақталады		**Көшедегі үйлер** **Сурет салу** **Міндеті:** Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру **Мүсіндеу:** **Міндеті**:Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. **Жапсыру:** **Міндеті:** Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын кию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу **Құрастыру:** **Міндеті:**Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп,

Сканировано с CamScanner

		«Жапырақты қағып ал» **Барысы:** Тәрбиеші қолына бірнеше жасанды (немесе табиғи) жапырақты алады. Әр балаға лақтырады, олар қағып алуға тырысады. **Бақылау:** Ауа райын бақылау. Күннің жылуы, бұлттар мен жел бар-жоғын сезіну. «Күз келді ме, қалай білдіңдер?» деген сұрақ қойылады. **Еңбек:** Құм алаңындағы ойыншықтарды жинауға көмектесу	жапырақтар. Тәрбиеші желдің бағытын айтып тұрады: «Жел оңға соқты!» – балалар оңға жүгіріп, қолдарын бұлғаңдатады. **Күзгі бақылау эксперименттері** **Жапырақтардың түс өзгерісі** *Эксперимент:* Балалар әртүрлі түсті жапырақтарды жинап, оларды суға салып қояды. Бірнеше күн бойы жапырақтардың суда қалай өзгеретінін бақылап, түсінің қалай өзгеретінін зерттейді. **Бақылау:** Ағаштардың жапырақтарының түсі, түсуі, діңдерінің ерекшеліктері. **Еңбек:** Жапырақтарды жинап, арнайы шелекке салу	**Барысы:** Тәрбиеші: «Қарға ұшты!» – дейді. Балалар қолын көтеріп, қанат сермеп көрсетеді. Егер «үйрек ұшты» деп айта тұрып, өзі ұшпайтын затты айтса, балалар алданбауы тиіс. **Бақылау:** Торғайлардың әрекеті, топтасуы, қанат қағуы. **Құстардың жем іздеуі** *Эксперимент:* Балалар сыртқа шығып, құстардың қай жерлерден жем жинайтынын бақылап, суретке немесе сызбаға түсіреді. Сонан соң, балалар жасырынған жемдерді іздестіріп, өздері жем салатын құрылғылар жасайды. **Еңбек:** Құстарға арнап дән шашып, жем салғышты орнына қою.	**Барысы:** Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші: «Жел солдан соқты!» – десе, балалар солға қарай жүгіреді. Әртүрлі бағытта қайталанады. **Бақылау:** Желдің бағытын сезіну (жапырақтардың қозғалысы, балалардың шашы, киімі). **Желдің жапырақтарға әсері** *Эксперимент:* Желдеткіштің көмегімен жапырақтарды үрлеп, олардың қалай ұшатынын, бұрылатынын, қашан тоқтайтынын зерттеу. **Еңбек:** Жапырақ ұшқан жерлерді тазалау.
Серуеннен оралу	Серуен соңындағы жұмыс: Балаларды жинап, түгендеу (бар-жоғын тексеру) Киімдерін шешуге көмектесу Қолдарын жууға бағыттау.Суды үнемді пайдалану кезкнін ескеру.Суды ұзақ ағызып тұрмау,қолды жуып юолғансоң кранды өшіру. Қыскаша серуен бойынша сұрақ: *"Не ұнады?", "Қандай ойын ойнадың?"*				
Жеке жұмыс		**Айдана** **Мақсаты:** Сөйлеу дағдысын дамыту **Жұмыс түрі:** Сурет бойынша әңгімелеу **Қолданылған құрал:** Сюжетті сурет	**Ерасыл** **Мақсаты:** Зейінін дамыту **Жұмыс түрі:** «Айырмашылығын тап» ойыны (2 сурет) **Қолданылған құрал:** Венн диаграммасына ұқсас суреттер	**«Нұрәли** **Мақсаты:** Дыбысты дұрыс айту, естіп тану **Жұмыс түрі:** «Қай дыбысты естисің?» ойыны **Құрал:** Сөз карточкалары	**Дильназ** **Мақсаты:** Сан мен затты сәйкестендіру **Жұмыс түрі:** «Сандарды сана» (заттар мен цифрлар) **Құрал:** Сан

Сканировано с CamScanner

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Мекеме «Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»КММ
Мектепалды 0 «А» сыныбы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі:2-апта 08 -12 қыркүйек 2025-2026 оқу жылы
Қыркүйек-Құндылық: Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік айы. Апта дәйексөзі: «Жанұям - қорғаным, ата-анам - тірегім!»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.09.25	Сейсенбі 09.09.25	Сәрсенбі 10.09.25	Бейсенбі 11.09.25	Жұма 12.09.25
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме оны не қызықтырады,баланың жеке пікірін білдіруге қатысады. **«Күй күмбірі»:«Жастар күйі»** **Мақсаты:**балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру(**Адал азамат)**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15 минут: Ата-аналарға кеңестер** **1. Баламен тіл табысу** Баланы тыңдай білу – ең үлкен сый. Әр күнге кем дегенде 10–15 минут балаға толық көңіл бөлу (әңгімелесу, ойнау, бірге оқу). Жазалау емес, түсіндіру арқылы тәрбиелеу. **2. Жылы сөздің күші** Баланың кішкентай жетістігін де мақтап отыру. «Сенің қолыңнан келеді», «Мен сенімен мақтанамын» деген сөздер балаға сенім береді. Қатал сын емес, қолдау көрсету маңызды.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)	**«Құрастыр да, әңгімеле»** Материал: Лего, кубик, түрлі пішіндер. Тапсырма: Бала өзі қалаған затты (үй, көлік, жануар) құрастырады.	**«Өз суретім»** Материал: Қағаз, бояу, қарындаш. Тапсырма: «Менің арманым», «Менің отбасым», «Табиғат» тақырыбында сурет салады.	**«Жұмбақ іздеуші»** Материал: Суреттер, бөлмеге жасырылған ұсақ ойыншықтар. Тапсырма: «Қызыл ойыншықты тап», «Дөңгелек затты тап» деп бағыт беріледі.	**«Менің көңіл-күйім»** Материал: Әртүрлі көңіл-күйді бейнелейтін смайликтер. Тапсырма: Бала өзінің көңіл-күйін таңдап, неге солай екенін әңгімелейді.	**«Кімнің көлігі?»** Материал: Машина, автобус, ұшақ, кеме ойыншықтары. Тапсырма: Әр көліктің қайда жүретінін айту (жолда, әуеде, суда).

Сканировано с CamScanner

		Қыдырбекова) **Күтілетін нәтиже:** қарапайым музыкалық терминдерді түсінеді			шығармашылықпен құрастыруға баулу. **Күтілетін нәтиже :**көшедегі түрлі үйлердің айырмашылығы мен ұқсастығын ажыратады Көшеден көрген түрлі үйлер туралы айтады Шағын топтарға бөлініп топтық жұмыс жасайды **Күтілетін нәтиже:** Балалар көшедегі үйлердің ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратады; Топпен бірлесіп жұмыс істейді; Өз ойынан үй үлгісін жасай алады.
Серуенге дайындық	**1.Ауа райын бақылау:** Тәрбиеші ауа райына сәйкес балалардың киімін тексереді: Киінуіне көмек керек балаларға жекелей көмектесу. **2.Қажетті құрал-жабдықтарды дайындау:** Қимылды ойынға арналған доп, секіртпе, бор, кішкентай жалаушалар және т.б. **3. Серуен алдында түсіндіру жұмысы:** Қайда баратынын.Қандай ойындар ойнайтынын.Не істеуге болмайтынын түсіндіреді. **4.Серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелері** **Тәрбиешіден рұқсатсыз ешқайда кетуге болмайды.** **Бір-бірін итеруге, жұлқылауға, жүгіріп соғылуға болмайды.** **Ауыр немесе өткір заттармен ойнауға болмайды.**				
Серуен		**Картотека №1** **Дербес әрекет:** Балалар құмда және жерге түскен жапырақтармен ойнайды: жапырақтарды жинап, топтастырып, сурет салып орналастырады. **Қимылды ойын:**	**Картотека №2** **Дербес әрекет:** Балалар ағаштардың түбіндегі жапырақтарды жинап, пішіні мен түсіне қарай сұрыптайды. **Қимылды ойын:** *«Жапырақтар ұшты»* **Барысы:** Балалар –	**Картотека №3** **Дербес әрекет:** Құстардың ұяларын бақылау, алаңдағы торғайларды бақылап, оларға дән шашу. **Қимылды ойын:** *«Құстар ұшты – ұшты»*	**Картотека №4** **Дербес әрекет:** Балалар жеңіл жапырақтарды жоғары лақтырып, қалай ұшатынын бақылайды. **Қимылды ойын:** *«Жел қай жақтан соғады?»*

Сканировано с CamScanner

		Бақылау: Сөздік қоры жақсы, бірақ сөйлеммен айтуға қиналады	**Бақылау:** 3 айырмашылықты тапты, зейіні тұрақсыз	**Бақылау:** Б, П, Д дыбыстарын шатастырады	карточкалары, ойыншықтар **Бақылау:** 1–5 дейін санай алады, бірақ 4-ті жиі ұмытады
Балалардың өзіндік іс-әрекеті (ұтқырлық ойындары, үстел ойындары, бейнелеу әрекеттері, кітаптарды қарау және т. б.)		***«Орамал тастамақ».*** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақайтыпнемесебилеп беруікерек. Балаларшеңбербойындакөздерінжұмыптұруыкерек. Ойыносылайжалғасабереді.	***Ақсерек-көксерек.*** Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқ абөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам. 1-ші топ. Ойынды бастайды: Ақсерек-ау ақсерек Бізден сізге кім керек. 2-ші топ Ақсерек –ау ақсерек Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.	***Қуыр-қуыр қуырмаш.*** Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды.Содан соң екінші балаға: ортаңғы саусағымды тапшы, – дейді.Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне, - деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады.Егер екінші бала жасырушының ортаңғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады.Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.	***«Асық ойыны»*** . Бұл – балалардың ежелгі спорттық ойыны. Тақыр алаңға көлденеңінен түзу сызық сызады да, соны бойлай тігілген кенейді кезектесіп сақамен ату арқылы мергендік сынасады **(Біртұтас тәрбие)**
Балалардың үйге қайтуы	**Өнегелі 15 минут: Өнегелі 15 минут: Ата-аналарға кеңестер** **1. Балаңызбен күн сайын сөйлесіңіз** • Сұрақ қойыңыз: «Бүгін не үйрендің?», «Қай ойын ұнады?», т.б. • Бұл – баланың сөздік қорын байытып, өз ойын жеткізуге үйретеді. **2. Үйде күн тәртібін сақтауға көмектесіңіз** • Тұрақты ұйқы (9–10 сағат), • Тамақтану, • Серуен және тынығу уақыты – баланың денсаулығына тікелей әсер етеді.				

Сканировано с CamScanner

				сәйкестендіре отырып, бала осы мамандықтың маңыздылығы туралы немесе осы мамандық бойынша жұмыс істейтін ата- аналары туралы айтады **(Қаржылық сауаттылық)**	
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**1.Тіл дамыту** Мектеп ауласында **Міндеті:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету **«Мектеп ауласында не бар?» дид ойын** **Мақсаты:** Сөздік қорын байыту, заттарды дұрыс атауға үйрету. **Ойын барысы:** Тәрбиеші сурет немесе фотосурет көрсетеді (мектеп, ағаш, орындық, гүлзар, қақпа). Балалар кезекпен: «Аулада … бар» деп сөйлем құрайды	**1 .Сауат ашу негіздері** Сөз.Сөздің мағынасы **Міндеті:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу **«Сөз ойла»** **Мақсаты:** Бір тақырыпқа байланысты сөздерді жинақтап айту **Ойын барысы:** Тәрбиеші тақырып береді: «Мектепте не бар?» – балалар кезекпен сөздер айтады (тақта, бор, кітап, парта). **«Артық сөзді тап»** **Мақсаты:** Сөз мағынасын салыстыра білуге үйрету. **Ойын барысы:** Тәрбиеші бірнеше сөз айтады: «Алма, алмұрт, жүзім, қарындаш». Балалар артық сөзді табады.	**1 Математика негіздері** Біреу – көп **Міндеті:** "Бір" сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру **«Дыбыспен тап»** **Мақсаты:** Есту арқылы қабылдауын дамыту. **Құралдар:** Қол шапалақтау. **Ойын барысы:** Тәрбиеші бір рет шапалақ соқса – балалар «бір» дейді. Көп рет соқса – «көп» деп жауап береді. **«Бір алма – көп алма»** **Мақсаты**: «Бір» және «көп» ұғымдарын ажырата білу. **Құралдар**: Алма суреттері (бір дана және көп). **Ойын барысы:** Тәрбиеші бір алма суретін көрсетіп, «Бұл неше алма?», кейін көп алманы көрсетіп, «Ал бұл қанша?» деп сұрайды. Балалар «бір алма», «көп алма» деп жауап береді. **«Артықты тап»** **Мақсаты:** Заттарды санау, артықты ажырату. **Құралдар:** Карточкаларда	**1.Тіл дамыту** Менің досым **Міндеті:** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау **«Досымды табамын»** **Мақсаты**: Балаларды зейінділікке, достарын тануға үйрету. **Ойын барысы:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір баланың көзін байлайды. Қасында тұрған бір досы дауыстап: «Мен сенің досыңмын» дейді. Баланың міндеті – дауысынан досын табу. **«Досымның суретін саламын»** **Мақсаты:** Шығармашылық қабілеттерін дамыту, достықты бейнелеу.	**1.Қоршаған әлеммен таныстыру** Ауылдағы адам еңбегі **Міндеті:** Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау **«Кім не істейді?»** **Мақсаты:** Балаларды ауылдағы мамандықтармен, еңбектің түрлерімен таныстыру. Құралдар: Суреттер (малшы, дикан, құрылысшы, наубайшы, мұғалім). **Ойын барысы:** Тәрбиеші суреттерді көрсетеді. Балалар әр мамандық иесінің немен айналысатынын айтады: «Малшы – мал бағады», «Дикан – жер жыртады, егін егеді» т.б. **«Жұмыс құралын тап»**

Сканировано с CamScanner

	«Дыбыс тында» **Мақсаты**: Сөздерді бастапқы дыбыс бойынша ажырата білу. **Ойын барысы:** Тәрбиеші айтады: б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбысынан басталатын ауладағы затты ата». Балалар кезекпен жауап береді. Балалар,парк,гүлдер,ғимарат,көліктер,қақпа,жалау,жасыл ағаштар,шар т.б **«Кімге не керек?»** **Мақсаты:** Сөйлем құрату, байланыстырып сөйлеуге үйрету. **Ойын барысы:** Тәрбиеші әр балаға рөл береді: мұғалім, оқушы, бақташы (бақша күтуші). Балалар: «Мұғалімге – тақта керек», «Оқушыға – дәптер керек» деп жауап береді.	**«Керісінше айт»** **Мақсаты:** Сөздердің қарама-қарсы мағынасын үйрету. **Ойын барысы:** Тәрбиеші «үлкен» дейді – балалар «кіші» деп жауап береді; «жақсы» – «жаман» т.б. **Күтілетін нәтиже:** Балалар сөздің мағынасын түсінеді және қарапайым сөздерді топтастыра алады. **2.Қоршаған әлеммен таныстыру** Нан дастарқанға қалай келеді? **Міндеті:** Нанға ұқыпты қарауға,бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу **Әңгімелесу** Балаларға сұрақтар қою: – Нанды кім пісіреді? – Нан қайдан келеді? – Дикандардың еңбегі қандай? Суреттер арқылы нанның жолын көрсету: «Дән егіледі → бидай	суреттер (бір үйрек – көп үйрек, бір гүл – көп гүл). **Ойын шарты:** Балаларға аралас суреттер көрсетіледі. «Бір» топтағы затты тауып бөледі. **Күтілетін нәтиже:** Балалар «бір» және «көп» ұғымдарын ажырата алады; **2.Сауат ашу негіздері** Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз? **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау **«Қай дыбыстан басталады?»** **Мақсаты**: Сөздің басқы дыбысын ажырата білу. Құралдар: Суреттер (алма, балапан, нан, тас, гүл). **Ойын барысы:** Тәрбиеші суретті көрсетеді. Балалар сөздің қай дыбыстан басталатынын айтады («Алма – А дыбысы»). **«Дыбыстан сөз құрайық»** **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру. Құралдар: Әріптік карточкалар. **Ойын барысы**: Тәрбиеші «Б» дыбысын айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздер айтады («бала», «бақа», «бал»). **«Сөзді жалғастыр»** **Мақсаты:** Сөйлеу дағдыларын	**Ойын барысы:** Балаларға қағаз бен түрлі-түсті қарындаш беріледі. Әр бала өзінің досының суретін салып, оны қысқаша әңгімелейді («Бұл – Айдана. Ол әдемі. Біз бірге ойнаймыз»). **«Жақсы сөз – жан азығы»** **Мақсаты:** Досына жылы сөз айтуға баулу. **Ойын барысы:** Балалар бір-біріне доп немесе ойыншық лақтырады. Допты ұстаған бала өзінің досына жақсы сөз айтады («Сен мейірімдісің», «Сен ақылдысың», «Сен менің досымсың»). **Күтілетін нәтиже:** Досын сипаттап сөйлеуге дағдыланады; Шығармашылық ойлауы дамиды. **2.Математика негіздері** Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру. Заттардың қасиеті **Міндеті:** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі,	**Мақсаты:** Балалардың құрал-сайман туралы түсінігін кеңейту. Құралдар: Суреттер (күрек, тырма, орақ, балға, кітап). **Ойын барысы:** Балаларға суреттер көрсетіледі. Тәрбиеші: «Диқанға қайсысы керек?», «Құрылысшыға қайсысы керек?» деп сұрайды. Балалар сәйкес құралды таңдайды. **Күтілетін нәтиже:** Балалар ауылдағы еңбекті реттілікпен әңгімелейді, сөйлеу қабілеті артады. **2.Сауат ашу негіздері** Дауысты дыбыстар **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты дыбыстарды анықтау **«Кім көп сөз айтады?»** Мақсаты: Сөздік қорын молайту, дыбыс айтуын жетілдіру. **Ойын барысы:** Тәрбиеші бір дауысты

Сканировано с CamScanner

	Күтілетін нәтиже: Дыбыстарды анық айтуды үйренеді **2.Математика негіздері** Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау **Міндеті:** Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. **1. «Оңға – солға»** **Мақсаты**: Кеңістікте оң мен солды ажырата білу. **Ойын барысы:** Тәрбиеші «оң қолыңды көтер», «сол аяқпен қадам жаса», «допты оң жағына қой» деп нұсқау береді. **2. «Алдында – артында»** **Мақсаты**: Алдында, артында, жанында ұғымдарын бекіту. **Ойын барысы:** Бір бала ойыншықты ұстап тұрады. Тәрбиеші: «Доп баланың алдында», «Аю артында» деп айтады. Балалар затты	өседі → орылады → диірменге апарылады → ұн болады → наубайхана → дастарканға келеді». **«Не алдымен, не кейін?»** **Мақсаты:** Балаларды реттік сан есімдерді қолдануға, сөйлем құрауға үйрету. **Құралдар:** Суреттер Ойын шарты: Балаларға бидай егу процесін көрсететін суреттер таратылады. Олар: «Алдымен дән себіледі, содан кейін бидай өседі, кейін орылады…» деп әңгімелейді. **Күтілетін нәтиже:** Балалар нанның дастарканға келу жолын біледі;Сөздік қоры кенейеді; Логикалық ойлау, есте сақтау, салыстыру қабілеттері дамиды; **3.Көркем әдебиет** Күз–жомарт **Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық	жетілдіру. Құралдар: Тәрбиешінің сұрақтары. **Ойын барысы**: Тәрбиеші бастапқы сөзді айтады («Алма – тәтті»), балалар сөйлемді жалғастырады («Алма – қызыл», «Алма – дөңгелек»). **Күтілетін нәтиже:** Дыбыс пен сөздің айырмашылығын түсінеді. **3.Көркем әдебиет** Ас атасы–нан **Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату -Қазір жылдың қай мезгілі? -Бүгін ауа райы қандай?Күн ашық па,бұлттыма? -Адамдар күзде нені жинайды? -Егінді,бидайды күз мезгілінде жинайды.Бидайдың ұнынан нан дайындайды.Бүгін Мәдіхат Төрежановтың«Ас атасы–нан»әңгімесін оқимыз. Әңгіме–әдеби жанрдың біртүрі екенін түсіндіру.Әңгіменің ерекшелігі–оқиғаны қыска әңгімелейді. Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді	өлшемі, пішіні, дыбысы, кимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру **«Түстер каласы»** Мақсаты: Балаларды түстерді ажырата білуге, топтастыруға үйрету. **Құралдар:** Қызыл, көк, жасыл, сары түсті пішіндер. Ойын барысы: Балаларға әртүрлі түсті пішіндер таратылады. Тәрбиеші: «Барлық қызыл пішіндерді бір үйге, көктер екінші үйге жиналады» дейді. Балалар пішіндерді түсіне карай топтастырады. **«Не ұқсас?»** **Мақсаты:** Балалардың заттардың ортақ қасиеттерін таба білуін қалыптастыру. Құралдар: Суреттер (күн, ай, доп, кітап, үй, текше). **Ойын барысы:** Балаларға бірнеше сурет көрсетіледі. Мысалы: күн, ай, доп – бәрі дөңгелек; кітап, үй, текше – бәрі төртбұрыш. Балалар ортақ қасиеттерін айтып, топтастырады **Күтілетін нәтиже:** Балалар ұқсас белгілерді	дыбыс айтады (мысалы: «А»). Балалар кезекпен сол дыбыстан басталатын сөздер айтады («алма, ат, арба, ана»). **«Әиші дыбыстар»** **Мақсаты:** Дауысты дыбыстарды дұрыс, анық айтуға үйрету. **Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші кезекпен дауысты дыбыстарды созып айтады («Ааа», «Ооо», «Ііі»). Балалар тәрбиешінің артынан қайталайды. **Күтілетін нәтиже:** Балалар дауысты дыбыстарды есту арқылы ажыратады. **3. Дене шынықтыру** Біз күшті және ержүрекпіз. **Міндеті:** Дене шынықтыру мен спортка қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт

Сканировано с CamScanner

	Күтілетін нәтиже: Дыбыстарды анық айтуды үйренеді **2.Математика негіздері** Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау **Міндеті:** Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. **1. «Оңға – солға»** **Мақсаты**: Кеңістікте оң мен солды ажырата білу. **Ойын барысы:** Тәрбиеші «оң қолыңды көтер», «сол аяқпен қадам жаса», «допты оң жағына қой» деп нұсқау береді. **2. «Алдында – артында»** **Мақсаты**: Алдында, артында, жанында ұғымдарын бекіту. **Ойын барысы:** Бір бала ойыншықты ұстап тұрады. Тәрбиеші: «Доп баланың алдында», «Аю артында» деп айтады. Балалар затты	өседі → орылады → диірменге апарылады → ұн болады → наубайхана → дастарқанға келеді». **«Не алдымен, не кейін?»** **Мақсаты:** Балаларды реттік сан есімдерді қолдануға, сөйлем құрауға үйрету. **Құралдар:** Суреттер Ойын шарты: Балаларға бидай егу процесін көрсететін суреттер таратылады. Олар: «Алдымен дән себіледі, содан кейін бидай өседі, кейін орылады…» деп әңгімелейді. **Күтілетін нәтиже:** Балалар нанның дастарқанға келу жолын біледі;Сөздік қоры кеңейеді; Логикалық ойлау, есте сақтау, салыстыру қабілеттері дамиды; **3.Көркем әдебиет** Күз–жомарт **Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық	жетілдіру. Құралдар: Тәрбиешінің сұрақтары. **Ойын барысы**: Тәрбиеші бастапқы сөзді айтады («Алма – тәтті»), балалар сөйлемді жалғастырады («Алма – қызыл», «Алма – дөңгелек»). **Күтілетін нәтиже:** Дыбыс пен сөздің айырмашылығын түсінеді. **3.Көркем әдебиет** Ас атасы–нан **Міндеті:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату -Қазір жылдың қай мезгілі? -Бүгін ауа райы қандай?Күн ашық па,бұлттыма? -Адамдар күзде нені жинайды? -Егінді,бидайды күз мезгілінде жинайды.Бидайдың ұнынан нан дайындайды.Бүгін Мәдіхат Төрежановтың«Ас атасы–нан»әңгімесін оқимыз. Әңгіме–әдеби жанрдың біртүрі екенін түсіндіру.Әңгіменің ерекшелігі–оқиғаны қысқа әңгімелейді. Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді	өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру **«Түстер қаласы»** Мақсаты: Балаларды түстерді ажырата білуге, топтастыруға үйрету. **Құралдар:** Қызыл, көк, жасыл, сары түсті пішіндер. Ойын барысы: Балаларға әртүрлі түсті пішіндер таратылады. Тәрбиеші: «Барлық қызыл пішіндерді бір үйге, көктер екінші үйге жиналады» дейді. Балалар пішіндерді түсіне қарай топтастырады. **«Не ұқсас?»** **Мақсаты:** Балалардың заттардың ортақ қасиеттерін таба білуін қалыптастыру. Құралдар: Суреттер (күн, ай, доп, кітап, үй, текше). **Ойын барысы:** Балаларға бірнеше сурет көрсетіледі. Мысалы: күн, ай, доп – бәрі дөңгелек; кітап, үй, текше – бәрі төртбұрыш. Балалар ортақ қасиеттерін айтып, топтастырады **Күтілетін нәтиже:** Балалар ұқсас белгілерді	дыбыс айтады (мысалы: «А»). Балалар кезекпен сол дыбыстан басталатын сөздер айтады («алма, ат, арба, ана»). **«Әнші дыбыстар»** **Мақсаты:** Дауысты дыбыстарды дұрыс, анық айтуға үйрету. **Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші кезекпен дауысты дыбыстарды созып айтады («Ааа», «Ооо», «Іі»). Балалар тәрбиешінің артынан қайталайды. **Күтілетін нәтиже:** Балалар дауысты дыбыстарды есту арқылы ажыратады. **3. Дене шынықтыру** Біз күшті және ержүрекпіз. **Міндеті:** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт

Сканировано с CamScanner

	дұрыс орналастырады. **«Суретті тап»** **Мақсаты:** Жоғары, төмен, оң, сол бағыттарын қағазда көрсету. **Ойын барысы:** Қағазда гүл, күн, үй бейнеленген. Тәрбиеші сұрайды: «Үйдің сол жағында не тұр?», «Күннің астында не бар?» **Күтілетін нәтиже:** Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау дағдылары қалыптасады **3.Қазақ тілі** Әке,ана **Міндеті:** Сөздік қор. Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туыскан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. **«Менің анам қандай?»** **Мақсаты:** Сипаттап сөйлеуге үйрету, сөйлем құрау	байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату **Жұмбақты шеш.** Жазда тұрып жоғары, Күзде жерге қонады. *(Жапырақ)* ***Өлең жаттау*** **Күз–жомарт** Тоңазып атырап, Көк жеміс піседі. Сарғайып жапырақ, Саудырап түседі. «Күз–жомарт»– деймізбіз, Жемісін жейміз біз. *(ЕрмекӨтетілеуұлы)* **«Күзгі себет»** **Мақсаты:** Балалардың күзгі жеміс-жидектер мен көкөністерді ажырата білуін қалыптастыру. Құралдар: Жемістер мен көкөністердің суреттері (алма, алмұрт, сәбіз, асқабақ, қарбыз, т.б.). **Ойын шарты**: Балалар суреттерден күзгі жеміс-жидектерді таңдап, «Күзгі себетке» салады. **Күтілетін нәтиже:** Сөздік қоры молаяды, сөйлем құрау дағдысы дамиды; Табиғатқа деген сүйіспеншілігі артады; **4.Музыка** Нота үйренейік	Мақалмен жұмыс жүргізу. Ас атасы – нан, Нан атасы–дән **«Нанның түрлерін тап»** **Мақсаты:** Балаларды нан түрлерімен таныстыру, ажырата білу. Құралдар: Нан өнімдерінің суреттері (бауырсақ, тоқаш, шелпек, қара нан, ақ нан). **Ойын барысы:** Балаларға аралас суреттер беріледі. Олар тек нан түрлерін бөліп алады. **Күтілетін нәтиже:** Сөздік қоры кеңейеді, сөйлем құрастыруға дағдыланады; Нанға деген құрмет сезімі артады. **4.Дене шынықтыру** Спортзалда ойнаймыз. **Міндеті:** Жүру: Қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып,әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру;ересектің белгісімен тоқтап,қозғалыс бағытын өзгертіп,шашырап жүру;заттардың,кегльдердің арасымен,жіптерден аттап жүру;қосалқы қадаммен алға қарай жүру. **«Жылдам – баяу»** **Мақсаты:** Балаларды жүру қарқынын ажыратуға үйрету.	табуды үйренеді; Сөздік қоры дамиды; Логикалық ойлауы жетіледі. **3.Қазақ тілі** Аға,әпке **Міндеті:** Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. «Кім үлкен, кім кіші?» **Мақсаты:** Отбасы мүшелерінің рөлін ажырату, салыстыруға үйрету. **Құралдар:** Суреттер (аға, әпке, іні, сіңлі). **Ойын барысы:** Балаларға суреттер көрсетіледі. Тәрбиеші: «Аға әпкеден үлкен бе, әлде кіші ме?», «Әпке сіңліден үлкен бе?» деп сұрайды. Балалар салыстырып жауап береді. **«Ағаңа не сыйлайсың?»** **Мақсаты:** Сөйлеу дағдыларын дамыту, мейірімділікке тәрбиелеу. Құралдар: Ойыншықтар мен заттар суреттері (кітап, ойыншық, гүл, доп).	аланында қауіпсіздікті сақтауға баулу. **«Ер жүрек батырлар»** **Мақсаты:** Балалардың батылдыққа, шапшаңдыққа, төзімділікке тәрбиелеу. Құралдар: Арқан, орындық, кедергілер. **Ойын барысы:** Балалар батырлар болып ойнайды. Олар кедергілерден өтеді: үстелдің астынан еңбектеп, орындықтан секіреді, арқаннан тартылады. Соңында «Жалауды» алады. **«Күшті кім?»** **Мақсаты:** Бұлшық етті шынықтыру, қол күшін дамыту. **Құралдар:** Арқан. **Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді.Ортада арқан тартылады. Қай топ арқанды өз жағына тартып алса – сол жеңімпаз. **Күтілетін нәтиже:** Балалар сенімді қимылдауға, батылдық танытуға дағдыланады.

Сканировано с CamScanner

	дағдысын дамыту. **Ойын барысы:** Балалар «Менің анам…» деп жалғастырады (мейірімді, әдемі, қамқор). **«Әкем не істейді?»** **Мақсаты**: Етістіктерді дұрыс қолдануға үйрету. **Ойын барысы:** Тәрбиеші қимыл көрсетеді (кітап оқиды, жұмыс істейді, көлік айдайды). Балалар: «Әкем кітап оқиды», «Әкем көлік айдайды» деп айтады. **«Сөйлемді аяқта»** **Мақсаты:** Байланыстырып сөйлеуді дамыту. **Ойын барысы:** Тәрбиеші сөйлемді бастап айтады:–«Менің анам …»–«Менің әкем …» Балалар жалғастырып айтады. **Күтілетін нәтиже:**	**Міндеті:** Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету **Музыка тыңдау**: «Гүлдерайым»қазақтың халық әні (өңдегенТ.Қоңыратбай). **Ән айту:** «До-ре-ми»(Ө. Байділдаев), «Білімің–бұлағың»(Т. Қоңыратбай) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш»(В.Дешевов) **Билер:** «Жұптасу биі»(чеххалық әуені) **Ойындар,хороводтар:** «Сиқырлы ағаш»(«Дидактикалық ойындар» жинағынан) **Музыкалық аспапта ойнау:** «Еркем-ай»қазақтың халық әні (өңдеген Б.Дәлденбай) **Күтілетін нәтиже:** Нота жаттап үйренеді	**Ойын барысы** Тәрбиеші қолын шапалақтаса – балалар жылдам жүреді, Қолын жай қимылдатса – баяу жүреді. **«Жануарларша жүрейік»** **Мақсаты:** Жүрудің әртүрлі түрлерін меңгерту, қимылдық белсенділікті арттыру. **Барысы** «Аю жүрісі» – табанын баса, ауыр қимылдайды. «Қоян» – секіріп жүреді. «Түйе» – тізесін көтеріп, баяу жүреді. **«Кедергіден өт»** **Мақсаты:** Жүру дағдысын жетілдіру,ептілікті дамыту. Құралдар: Конустар, обруч. **Шарты:** Балалар жүгіру жолында кедергілерден айналып немесе астынан өтіп жүреді. **Күтілетін нәтиже:** Балалар жүрудің әртүрлі түрлерін (жылдам, баяу, жануарша, кедергіден өту) меңгереді;	**Ойын барысы:** Балаларға түрлі зат суреттері ұсынылады. Әр бала бір затты таңдап алып: «Мен ағаға кітап сыйлаймын, өйткені ол оқуды жақсы көреді» деп айтады. **«Менің әпкем қандай?»** Мақсаты: Балалардың сипаттап сөйлеу қабілетін дамыту. Құралдар: Сюжетті суреттер (әпке сабақ оқып отыр, тамақ жасап жатыр, ойнап жүр). Ойын барысы: Балалар суретке қарап, әпкесін сипаттап әңгімелейді: «Менің әпкем әдемі. Ол сурет салғанды жақсы көреді». **Күтілетін нәтиже:** Балалар аға-әпкеге сыйластықпен қарауды үйренеді, сөздік қоры дамиды. **4.Музыка** Нота үйренейік **Міндеті:** Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету **Музыка тыңдау**: «Гүлдерайым»қазақтың халық әні	**4.Шығармашылық Сурет/мүсіндеу/жапсыру/құрастыру** Көліктер **Сурет салу** **Міндеті:** Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау **Мүсіндеу:** **Міндеті:** Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. **Жапсыру:** **Міндеті:** Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді

Сканировано с CamScanner

	бөлінеді. Белгі берілгенде, әр бала спортзалдың арғы шетіне жүгіріп барып, қайта оралады. **Күтілетін нәтиже:** Балалар спортзалдағы карапайым қозғалыс ережелерін орындай алады.				ырады,құрастырады **Күтілетін нәтиже** Балалар көлік түрлерін ажыратады; Қиялдау, ойлап табу қабілеттері дамиды;
Серуенге дайындық	**1.Ауа райын бақылау:** Тәрбиеші ауа райына сәйкес балалардың киімін тексереді: Киінуіне көмек керек балаларға жекелей көмектесу. **2.Қажетті құрал-жабдықтарды дайындау:** Қимылды ойынға арналған доп, секіртпе, бор, кішкентай жалаушалар және т.б. **3. Серуен алдында түсіндіру жұмысы:** Қайда баратынын.Қандай ойындар ойнайтынын.Не істеуге болмайтынын түсіндіреді. **4.Серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелері** Тәрбиешіден рұқсатсыз ешқайда кетуге болмайды. Бір-бірін итеруге, жұлқылауға, жүгіріп соғылуға болмайды. Ауыр немесе өткір заттармен ойнауға болмайды.				
Балалардың өзіндік іс-әрекеті (ұтқырлық ойындары, үстел ойындары, бейнелеу әрекеттері, кітаптарды қарау және т. б.)	***«Неліктен шам жарқырайды?»*** **Мақсаты:электр құрылғысының жұмыс істеуін түсіндіру.** **Материал:қолшамға арналған батарея(4,5В),жұқасым,дәнекерленген сымдары бар кішкентай шам, қағаздан жасалған «үкі» ойыншығы.** Тәжірибе жүргізу. Балалар ішінде жасырылған батареясы бар ойыншықты қарастырады. Педагог бұл ойыншықтың көздері неге жарқырап	«Арқан тартыс» (Сынып ішінде) Мақсаты: Балалардың күшін тексеріп, командалық рухты дамыту. Құралдар: Ұзын арқан немесе жіп. Ережелер: Балалар екі топқа бөлінеді. Топтар өздері тартып тұрған арқанның белгілеген сызықтан өтуіне жол бермей, қарсыластарын сызықтың арғы жағына тартуы керек. Балалар сыныптың	**«Ойдан шығарып,суретін сал»дидактикалық ойын** **Мақсаты:**балалардың ақша туралы түсініктерін кеңейту; валюталарды ойлап табуға және олардың суретін салуға үйрету. **Материалдар:**қарындаштар ,фломастерлер,қағаз. Барысы: балаларға валюталарды ойдан шығару және олардың суретін салу ұсынылады. Суретін салу процесінде балалар валютаның атауын және оны қайда қолданатынын айтады	**«Сақина салу»** **Мақсаты**: Балалардың көзбе-көз қабілетін дамытып, ойын арқылы шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Құралдар**: Кішігірім сақина немесе дөңгелек зат. **Ережелер**: Бір бала сақинаны немесе басқа дөңгелек затты ұстап тұрады, ал қалған балалар сыныпта жүріп, сақинаны жасырын түрде бір-біріне береді. Балалар сақина кімде екенін табуы керек. Тақырыпты өзгерту арқылы қазақтың ұлттық ойындарын жандандырып,	Тақия тастамақ Мақсаты: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап , жылдамдыққа , шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді.

Сканировано с CamScanner

	тұрғанын табуды ұсынады	ішінде қауіпсіз түрде орын ауыстыра алады.		балаларға қызықтыруға болады.	
Балалардың үйге қайтуы	**3-АПТА: Карапайым еңбекке – үлкен ризашылық** **Тақырыбы:** «Үйдегі көмек – баланың жауапкершілігі» **Форматы:** Карапайым сұрақ-жауап және қысқаша практикалық жұмыс **Мақсаты:** Баланы үй шаруасына тарту арқылы жауапкершілік сезімін қалыптастыру **Мазмұны:** Тәрбиеші сұрайды: • «Сен үйде не істей аласың?» • «Анаңа қалай көмектестің?» • Балалармен бірге «ойыншықтарды жинау», «үстелді сүрту» жаттығуларын жасау **Ата-аналарға кеңес:** Балаға шағын тапсырма беріңіз (мысалы: дастарқан басына қасық қою, кітапты орнына қою). Ол орындаған соң, міндетті түрде: – «Сен нағыз көмекшісің!», – «Міне, жауапты бала деген осы!» – деп жылы сөз айтыңыз.				

Сканировано с CamScanner

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Тексерген: _____

Білім беру ұйымы: «Еркіншілік ауылының ЖОББМ»КММ

Мектепалды 0 «А» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:IV-апта 22 -26 қыркүйек 2025-2026 оқу жылы

Қыркүйек-Құндылық: Еңбеккорлық пен кәсіби біліктілік айы. Апта дәйексөзі: «Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.09.25	Сейсенбі 23.09.25	Сәрсенбі 24.09.25	Бейсенбі 25.09.25	Жұма 26.09.25
Балаларды қабылдау	**Ойын атауы: «Көңіл-күйді тап!»** **Мақсаты**: Баланы күннің басында жақсы көңіл күйге бөлеу Ойынның барысы: Таңертең балаларды есік алдында күлімдеп қарсы аласыз. Оларға:«Қош келдің! Сен бүгін қандай көңіл-күймен келдің? Кел, эмоция таңдап көр!» — дейсіз. Арнайы себетке немесе қабырғаға ілінген эмоция карточкаларынан бала өзі таңдағанын көрсетеді. Ол эмоцияны таңдап болған соң, тәрбиеші: -Керемет! Ал енді осы көңіл-күйді көрсетіп көрші! -Қуансаң — секіріп көрсет! -Таңғалған кейіп көрсет! -Ренжіп қалсаң, не істер едің?» — деп ойынды жалғастырады. Соңында:Бала өзі қалаған амандасу түрін таңдап, тәрбиешімен немесе досымен амандасады. **(Адал азамат) Күй күмбірі:** «Кеңес» күйі. Мақсаты:Қазақ халқының өнеріне деген сүйіспеншілік ояту Балалар, бұл әуен — күй деп аталады. – Қазір сіздер тыңдап отырған күй — «Кеңес» деп аталады. – Бұл күйді атақты күйші Құрманғазы атамыз шығарған. – «Кеңес» деген сөз — ақыл айту, жақсы ой бөлісу деген мағына береді. – Бұл күйде бір-бірімен кеңесіп отырған адамдар сияқты сабырлы, байсалды, терең ой бар. – Тыңдап көріңдер, күйдің әуені тыныш, жай жүріп отырады. Бұл — адамға ой салады, жүрегіне тыныштық береді.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Бала ата-анадан үлгі алады • Ата-ананың өз жұмысына деген құрметі, кәсіби мәдениеті балаға кәсіпке сүйіспеншілікпен қарауды үйретеді. • Баламен өз жұмысыңыз туралы бөлісіңіз: «Мен дәрігермін, адамдарға көмектесемін», «Мен құрылысшымын – үйлер саламын» деген секілді. Мектепке дейінгі ұйыммен бірлесе әрекет етіңіз • Бала тәрбиесінде тәрбиеші мен ата-ана – бір команда болуы керек. • Мекемеде өтетін шараларға қатысу, үй тапсырмаларына көңіл бөлу – баланың тәрбие мен білімге деген қызығушылығын арттырады. Баланы мақтау мен қолдаудан аямайық • Әрбір кішкентай жетістік – баланың болашақтағы үлкен қадамдарына бастар жол. • Еңбекке тәрбиелеу кезінде «Сен істей аласың», «Жарайсың!» деген жылы сөздермен мотивация беріңіз.				

Сканировано с CamScanner

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)	**«Игі істер қоржыны»** Түрлі-түсті қағаздан дөңгелектерді немесе жүрекшелерді қиып алуға болады. Әр күннің соңында балаға «қоржынға» бүгін қанша игі істер жасаса, соншадөңгелексалуұсы нылады.Балақиналғанж ағдайда,оғанкөмектесу керек. Мұндай ойын баланы игі істер жасауға ынталандырады	**Қимылды ойын: «Ұшады – ұшпайды»**Мақсаты: Құстар мен заттардың айырмашылығын табу Барысы: Тәрбиеші балалардың алдына шығып, әртүрлі заттар мен жануарлардың атын атайды. Егер айтылған нәрсе ұшатын болса – балалар қолдарын жайып «ұшқандай» етіп қимылдайды. Егер ұшпайтын нәрсе айтылса – қозғалмай тұрады. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	**2. «Абай бол» ойыны** Мақсаты: Жол ережелерін үйрету, қауіпсіздік ережелерін меңгерту Барысы: Ойын алаңына жол белгілерінің суреттері (светофор, жолақ, т.б.) қойылады. Балалар бағдаршам түстеріне байланысты әрекет жасайды: • Жасыл – жүреді • Сары – орнында тұрады • Қызыл – тоқтайды	**3. Жұмбақтар: «Р, Ш, Д»** дыбыстарынан басталатын Мақсаты: Дыбыстарды дұрыс тану және сөздік қорын байыту Барысы: Тәрбиеші әріптерге байланысты жұмбақтар жасырады, балалар жауабын табуға тырысады. Мысалдар: • қызыл, аузы бар, бірақ сөйлемейді. (Раушан) • Ш: Шырылдайды жаз бойы, тыным таппай бір қойды. (Шегіртке)	**Дидактикалық ойын: «Түстерді анықта?»** Мақсаты: Балаларды түстерді тануға және ажыратуға үйрету Барысы: Тәрбиеші түрлі-түсті заттарды көрсетеді немесе түрлі карточкалар ұсынады. Балалар түстерді атап, сол түске сай ойыншық немесе зат табады.)
Ертеңгілік жаттығу	Бір саппен жүру. Тәрбиешінің белгісімен екі сапқа жүргізу, шашырап жүгіру,бір саппен жүру. II. Жалпы даму жаттығулары 1. Б.қ. Тік тұру Орамалды екі қолмен ұстап, 1-дегенде жоғары көтеріп басымызды шалқайтамыз, 2-бастапқы қалып,3-дегенде орамалды жоғары көтеріп басымызды шалқайтамыз , 4-б.қ келу. 4-5рет 2. Б.қ.қолымыз алдымызда,1-оң жаққа бұрылу, 2-б.қ келу, 3-сол жаққа бұырылу, 4-б.қ келу. 4-5 рет. 3.Б.қ орамалды қолымызға ұстап,аяқты алшақ қойып алға еңкейіп аяқ ұшына орамалды тигізу. 4.Б.қ. аяғымыз қосамыз,екі қолға орамалды ұстап алға созу, 1-тіземізді бүгіп отыру, 2-б.қ келу 4-5рет 5.Орамалды төменге түсіріп бір орыннан секіру..5-6 рет III. Тыныс алу жаттығулары Саппен жай жүру,тыныс алу жолдарына жаттығу. «Сағат»-тырс-тырс				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)	***Қ.Р әнұранын айту*** **«Сиқырлы таяқша»** *Ойынның мақсаты:*балаларды зейін қоюға,мейірімділікке,досына көмектесуге тәрбиелеу.	«Мақтау сөздер айту» Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала	«Тек жақсы қасиеттерді ата» Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық,	«Адалдық шеңбері» Ойынның мақсаты:балаларды адалдыққа тәрбиелеу,зейінді дамыту. Педагог балаларды екі командаға бөледі. Бір команданың қатысушылары қолдарынан ұстап,«адалдық	«Адал досқа арналған ашық хат» Ойынның мақсаты:достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Педагог балаларға

Сканировано с CamScanner

	Балалар шеңберге тұрып, өздеріне көмек қажет болған жағдайлы кезек- кезек айтып береді, мысалы: тісім ауырды, біреу ренжітті, көңіл-күйім болмады және т.б.Қатысушылар жағдайларын айтып болғаннан кейін,педагог«сиқырлы таяқшаны» қолына алып, былай дейді: «Сиқырлы таяқша,досына көмектес!».	шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сырткы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.(Алалдық әліппесі)	мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайдаолардпедагогкекара йқадамжасайды (Алалдық әліппесі)	шеңберін» құра отырып,қолларын жоғары көтереді.Екінші команданың мүшелері бірінің Артынан бірі сапқа тұрып,көңілді музыкамен«алалдық шеңберінін»ішіне кіріп, шығады.	достық туралы мақал айтып береді, содан кейін өзінің адал досы деп санайтын адамды атауды және оның себебін түсіндіруді сұрайды. Әңгіме соңында балаларға адал досы үшін ашық хат дайындау ұсынылады
Кестеге сәйкес ҰТӘ	**1.Тіл дамыту** Менің атам **Міндеті:**Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қаркынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу Тәрбиешінің түсіндіруі :– Балалар, сендерде ата-әжелерің бар ма? – Ата деген кім? Ол қандай? – Бүгін біз "Менің атам" деген тақырыпта әңгімелесеміз. – Ата – үлкен, ақылды, көп нәрсе білетін адам. Ол бізді жақсы көреді, ақыл айтады. Біз де атамызды жақсы көруіміз керек. Тәрбиеші қыскаша мәтін оқиды **Ойын 1: "Дауысты**	**1 .Сауат ашу негіздер** **Міндеті:** Дауыссыз дыбыстардың жасалуы Міндеті:Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету **Түсіндіру: Дауыссыз дыбыстардың жасалуы** **Дауысты** дыбыстар – кедергісіз айтылады (ауамен еркін шығады) **Дауыссыз** дыбыстар – айтканда ауызда **кедергі** болады **Тәрбиеші жаттығу жасатады:** "С-с-с", "Т-т-т", "К-к-к" – бұл дыбыстарды созып айта алмаймыз, себебі олар кедергімен шығад **◆ 3. Жаттығу: Дауыссыз дыбысты тап** Тәрбиеші бірнеше сөз айтады, балалар ішінен дауыссыз дыбысты табады: **Мысалы:** Сауыншы – [с]	**1 Математика негіздері** **Міндеті:** **4 саны және цифры** **Міндеті:** 4 цифрымен таныстыру Тәрбиешінің түсіндіруі: – Балалар, қарандаршы, бүгін біз жаңа санмен – 4 санымен танысамыз. – Қане, бірге санайық: 1, 2, 3, 4. (Көрнекілік ретінде 4 ойыншық немесе текше қойылады.) – Міне, бұл – 4 саны. (Тақтаға 4 санының таңбасы ілінеді. Балалар ауызша қайталайды.) – Қарандар, мынау 4 алма (ойыншық/сурет), 4 гүл, 4 доп. (Балалармен бірге 4 затты санап көрсету.) **1. Қимылды ойын: «Сана да қимылда!»** Мақсаты: Санау арқылы дене қозғалысын үйлестіру.	**1.Тіл дамыту** Қорыкканға қос көрінеді Міндеті:Сөздік қор Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту **1. Сұрақ-жауап ойыны:** «Мұқият тында» Мақсаты: – Балаларды сұрақты соңына дейін тыңдап, мазмұнын түсініп жауап беруге дағдыландыру; – Қысқаша немесе толық жауап беруге үйрету. Барысы: – Тәрбиеші бүгінгі әңгімедегі мазмұнға байланысты сұрақтар қояды: Қиындық деңгейі: Сұрақтар біртіндеп күрделене түседі. **2. Рөлдік ойын:** **«Кейіпкерлерді сомда»**	**1.Қоршаған әлеммен таныстыру** **Отбасындағы мерекелер мен дәстүрлер** **Міндеті**:Отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу **Ойын атауы: «Алғыс шеңбері»** Балалар шеңберге отырады. Тәрбиеші біреуді көрсетіп: «Сен кімге рахмет айтасың?» — бала қыска айтады (мысалы, «Анам тамақ дайындағаны үшін рахмет») және карточкадағы «рахмет» жапсырмасын сыйлайды. Қыска айналым, барлық балалар қатысады. **Ойын атауы:** **«Мерекелік сурет»** Әр балаға А4 парақ пен қарындаш. Тапсырма: «Отбасынмен болатын бір

Сканировано с CamScanner

	тап!"Мақсаты:Дауыс қарқынын (жоғары, төмен, баяу, тез), екпін мен логикалық үзілісті қолдану. Барысы: Тәрбиеші балаларға сөздер немесе сөйлемдер айтады, олар сол сөйлемді әртүрлі интонациямен айтуы керек. **Ойын 2: "Менің атам"**Мақсаты:Баланың байланыстырып сөйлеуін, сипаттау қабілетін және тыңдау мәдениетін дамыту. Барысы: Тәрбиеші немесе бала "Менің атам..." деп сипаттай бастайды. Басқалар "Атам қандай?" деген сұрақтар қойып, кім туралы айтып тұрғанын табады. Мысалы: – Менің атам ақ шашты. Ол маған ертегі айтады. Бақшада жұмыс істейді. **Күтілетін нәтиже:**Тілдік сипаттау, сұрақ-жауап Коммуникативтік тыңдау, сөйлеу дағдылары қалыптасады **2.Математика негіздері** 3 саны және цифры 3 цифрымен таныстыру **1. Түсіндіру: 3 саны**	Тұлпар – [т] Мектеп – [м], [к], [т], [п] **Ойын:** «Қай дыбыс жасырынған?» Тәрбиеші сөз айтады, бала соңғы дыбысты табады және дауысты ма, дауыссыз ба екенін анықтайды. **4. Диалог және пікір айту тапсырмасы** **Сюжетті сурет бойынша әңгімелесу:** Балалар суретке қарап, өзара **сұрақ-жауап** құрады. Мысалы, суретте балалар атасымен саябақта жүр. -Бұл кім? -Қайда келе жатыр? -Қолында не бар? -Саған қай іс ұнайды? Күтілетін нәтиже: Әңгімелесушіні тыңдайды.диалог жүргізе алады., өз пікірін айтады. **2.Қоршаған әлеммен таныстыру** Заттар әлеміне саяхат Міндеті:Заттар,олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау,олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау **Сиқырлы қоржын –** тәрбиеші ішінде әртүрлі заттар салынған қоржын көрсетеді (ағаш қасық, пластик бөтелке, темір қасық, мақта орамал, шыны банка, доп, т.б.)	Барысы: Тәрбиеші: – 4 рет секіреміз! – 4 рет қол соғамыз! – 4 рет аяқпен топылдатамыз! – 4 рет отырып-тұрамыз! (Балалар тәрбиешіні қайталайды.) **2. Дидактикалық ойын: «Қай жерде 4?»** Мақсаты: 4 санына сәйкес келетін заттарды табу. Құрал: Әртүрлі суреттер (3 алма, 4 алма, 5 алма т.б.) Барысы: – Тәрбиеші бірнеше сурет көрсетеді. – Балалар ішінен тек 4 зат бейнеленген суретті таңдайды. **2.Сауат ашу негіздері** **Біз нені үйрендік** Міндеті:Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу. Тапсырма «Бастырып жаз» Нүктелерді бастыр, жалғастыр Мақсаты: дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу. Ойын: Дауысты ,дауыссыз дыбыстар Мақсаты:дауысты дауыссыздарды ажырата білу Барысы:Қызыл көк себет, түрлі жеміс жидектер карточкалары беріледі.Қызыл себетке дауысты дыбыстан	Мақсаты: – Балалардың сөздік қорын байыту, сөздерді дұрыс айтуға және кейіпкер бейнесін сомдауға үйрету; – Диалог арқылы сөйлеу дағдысын дамыту. Барысы: – Тәрбиеші балаларға кейіпкерлер рөлін бөліп береді. – Балалар ертегі мәтініндегі сөздерді қайталап, қимылмен бейнелейді. Күтілетін нәтиже: Сөздік қор Көбейеді. **2.Математика негіздері** **5 саны және цифры** **Міндеті:**5 цифрымен таныстыру Тәрбиеші 5 саны жайлы қысқаша түсіндіріп өтеді **Ойын атауы: «Қоржынды толтыр»** Мақсаты: 1–5-ке дейін санауды пысықтау, топпен ықпалдастыру. Қысқаша барысы: Балаларды топтарға бөлу, әр топқа қоржын және заттар беру. Мұғалім карточкада сан көрсетеді (мысалы, 5). Топтар дәл сол санға сай заттарды қоржынға салады. Мұғалім тексеріп, дұрыс орындағандарды мадақтау. **Ойын атауы: «Бес саусақ»** **Мақсаты**: санауды, моториканы және есте сақтауды дамыту. Қысқаша барысы: Балалар шеңберге тұрады/отырады. Мұғалім бір-бірлеп саусақ көрсетіп санау жүргізеді: «бір, екі, үш, төрт, бес».	мерекені салыңдар» (дастархан, би, қойылым). Қойып болғаннан кейін әр бала 1 сөйлеммен әңгімелейді: «Бұл — біздің мерекем, біз бірге дастархан жаямыз» сыпайы сөздерді атап өтеді. **Күтілетін нәтиже**:Отбасы туралы ұғымдары қалыптасады. **2.Сауат ашу негіздері** Біз нені үйрендік, нені білдік? Міндеті: Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; Мотивациялық кезең: – Шаттық шеңбері: «Сәлем» әні – Тәрбиеші ұлттық киім киіп, балаларға қонаққа келгендей әсер береді. – Сұрақ: «Қазақ халқы қонақты қалай қарсы алады?» (Балалар өз ойларын ортаға салады) Ойын: «Ұлттық затты ата» Мақсаты: – Қазақ халқының мәдениетіне тән заттарды есте сақтау және сипаттай білу. – Сөздік қорын кеңейту. Барысы: Тәрбиеші үстелге ұлттық бұйымдардың суретін (немесе макетін) қояды: Домбыра, тұсау кесетін

Сканировано с CamScanner

	Тәрбиеші 3 санына заттық көрнекілік арқылы түсінік береді: Мысалы:3Алма,3 доп 3 жапырақ Әр топтамада санау: «Қане, неше алма? Бір, екі, үш!» **2. 3 цифрымен таныстыру** Тақтада немесе үлгіде 3 цифры көрсетіледі. Саусақпен ауада жазу, трафаретпен жүргізу. **Салыстыру:** 2 мен 3-ті салыстыру. Мысалы: – Мұнда 2 қонжық, ал мұнда 3. Қайсысы көп? **Ойын 1: "Үшеуін тап!"** **Тақырыбы:** 3 затты дұрыс санау **Мақсаты:** Заттар жиынынан 3-тен тұратын топты табу, санау дағдысын дамыту. **Барысы:** Тәрбиеші әр түрлі заттардан (ойыншық, сурет, геометриялық фигуралар) тұратын бірнеше топ көрсетеді. Балалар ішінде тек 3 заттан тұратын топтарды табады. **Ойын 2: "Үш түсті тауып боя!"** **Тақырыбы:** 3 санын түспен сәйкестендіру **Мақсаты:** 3 санына сәйкесті түстерді таңдап бояу, саусақ	**Тапсырма 1: "Қандай зат?"** **Барысы:** Балалар затты қолмен ұстап, сипаттайды. Мына сұрақтарға жауап береді: Бұл не? Не үшін қолданылады? Қандай материалдан жасалған? Бұл зат қатты ма, жұмсақ па? Ауыр ма, жеңіл ме? **Заттар үлгісі:** Ағаш қасық – ағаштан, қатты Пластик бөтелке – пластиктен, жеңіл Мақта – жұмсақ, су сіңіреді Темір қасық – темірден, салқын, ауырлау Доп – резеңкеден, серпімді **Тапсырма 2: "Заттың сыры неде?"** **Барысы:** Тәрбиеші балаларға **бейтаныс немесе сирек қолданылатын зат** көрсетеді (мысалы, күбі, таразы, пластик түтік, т.б.) Балалар оның не үшін керек екенін болжауға тырысады. Мысалы: – Бұл не деп ойлайсың? – Не үшін керек болуы мүмкін? – Қай материалдан жасалған? **Ойын: "Жұбын тап!"** **Мақсаты:** Заттарды материалымен сәйкестендіру. **Барысы:**	келетін жеміс жижекті,ал көк себетке дауыссыз дыбыстан келетін жеміс жидектерді салады.Ойынның соңында жеміс жидектерді қандай фигураларға ұқсайтынын айтады. Күтілетін нәтиже.Бастырып жаза алады.Дауысты .дауыссыз дыбыстарды және жеміс-жидектердің атауын дұрыс айта алады. **3.Көркем әдебиет** **Мақтақыз бен мысық** **Міндеті:** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну **Ертегіні қарау**(интерактивті тақтадан) **«Сұрақ жауап» ойыны:** Мақсаты:Ертегіні сұрақ жауап арқылы талқылау **«Суреттер сөйлейді» әдісі** **Мақсаты:**Суреттерді бояп отырып ертегінің жүйесін сақтап айту **Күтілетін нәтиже:** Таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру **4.Дене тәрбиесі** Жүгіру:	Әр дұрыс санағанда қол шапалақтау; «5» болғанда бәрі бірден секіру/қол көтеру арқылы белгі беру. Күтілетін нәтиже:5санын таниды. **3.Қазақ тілі** **Шәйнек** **Міндеті:**Тілдік және артикуляциялық аппаратты,тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Тәрбиеші жалпы қайнаған шәйнектен не себептен бу шығатынын және не үшін пайдаланатындығын, және қауіпсіздікті сақтау керек екенін түсіндіру **Ойын: Мені қайтала** Шәйнек атауын айтқызып, қайталатау, сөзді буындау дауысты, дауыссыз дыбыс сандарын білдіреді, қазақ тіліне тән «Ә» дыбысының орнын көрсету; «Шәйнек» деген жазудағы жетіспей тұрған әріптерді толықтыру жолдарын көрсету; Шәйнек бөліктерінің қандай қарындаштармен боялатынын сызықпен қосып, бояудың алгоритмін номерлеп, тапсырманы орындау. Күтілетін нәтиже:Ә,е дыбыстарын ажырата біледі **4.Музыка** «Біздің аспаптар» Міндеті: Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың)	ала жіп, кимешек, киіз үй, бешпент, камшы. Әр бала бір затты таңдап, не екенін айтады және сөйлем құрайды. Мысалы: – «Бұл – домбыра. Домбыра екі шекті. Ол ұлттық аспап.» Ойын: «Қай дәстүрге жатады?» Мақсаты: – Қазақ халқының салт-дәстүрлерін тануға үйрету; – Сөйлеу дағдысын дамыту. Барысы: Тәрбиеші суреттер немесе сөздік сипаттамалар ұсынады, ал балалар қай дәстүр екенін табады. Мысалы: – Сәбиді бесікке бөлейді → Бесікке салу – Сәби алғаш рет жүре бастағанда → Тұсау кесу – Ұлттық тағам дайындалады, көріседі → Наурыз мейрамы Күтілетін нәтиже: Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен танысады **3. Дене тәрбиесі** **Жүгіру:** **Міндеті:**Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру;бір сызыққа қойылған заттардың

Сканировано с CamScanner

	моторикасын дамыту. **Барысы:** Балаларға сурет немесе бетше беріледі (мысалы, үш шар, үш үйрек, үш алма). Балалар үш затты таңдап, оларды бояйды. Күтілетін нәтиже:3 санын цифрасын таниды.Және оны бастырып жаза алады **3.Қазақ тілі** Ата әже мерекесі Міндеті:Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық білдіретін сөздерді үйрету Тәрбиешінің түсіндіруі:Балалардың назарын сюжеттік суретке аудару Ойын: «Әңгімеле» Барысы: Екі балаға есім коюларын, және олардың қай жақтан, кімдерге келгендерін әңгімелеп берулерін сұраймын; • Ата мен әжелерінің әрекетін қандай болды, қуанғандарын қалай білдіргенін әңгімелетемін; Ойын тапсырма: «Ә»дыбысын тап Ә дыбысының орнын ажырату Сюжеттік рөлдік ойын: «Ата мен әже» Ата-әже мен балалар	Тақтада немесе үстелде **затты және материалды** бейнелейтін карточкалар жатады. Күтілетін нәтиже:: Шыны – банка Пластик – бөтелке Ағаш – қасық Темір – шеге Мақта – орамал сияқты сәйкестендіреді. **3.Көркем әдебиет** Жемістер жыры **Міндеті**: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну **«Жемістер жыры» өлеңі** **Мақсаты:** өлеңдер арқылы диалогтік сөйлеуді дамыту **«Жұмбақ жасырамын»ойыны** **Мақсаты:**Қиялдан,ойдан жемістерді сипаттай отырып,бір-біріне жұмбақтар жасыру **Күтілетін нәтиже:** Жемістер туралы түсінігін қалыптасады. **4.Музыка** «Біздің аспаптар» Міндеті:Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің	Міндеті:Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру;бір сызыққа қойылған заттардың арасымен,кедергілердің арасымен өту арқылы«жыланша»жүгіру Жаттығу атауы: Кедергілермен жүгіру Мақсаты: – Жүгіру дағдысын жетілдіру, шапшаңдық пен бағытты дұрыс сақтай білуге үйрету. Барысы: 1. Балалар қатарға тұрады. 2. Алдарында белгіленген арақашықтықпен қойылған кедергілер (фишкалар, кубиктер, арка, лента) болады. 3. Тапсырма: – Бір-бірден тізені жоғары көтеріп, – Кедергілердің арасымен «жыланша» – Сызық бойымен шашырай, – Соңында кері қарай жәй жүгіріп оралу. Нұсқау: – "Жолда кедергі көп – абай бол!" – "Тізеңді көтер! Арқаны тік ұста!" – "Қатармен емес, шашырай жүгір!"Барысы: – Тәрбиеші аңдардың атын атайды, балалар соған сәйкес жүрісті көрсетеді: – Қоян – секіру – Аю – ауыр басып жүру – Мысық – аяқтың ұшымен	сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. **Ойын атауы: «Темпті тап»** **Мақсаты**: музыканың қарқынын анықтау. Қысқаша барысы: мұғалім қалауы бойынша 3-4 қысқа үзінді ойнатады (баяу, орташа, жылдам). Әуенді тыңдап, балалар қолындағы «баяу/орташа/жылдам» карточкасын көтереді. Дұрыс жауап үшін мадақтау. Ойын атауы: «Қай аспап?» Мақсаты: аспап үнін тану, сипаттау дағдысын дамыту. Қысқаша барысы: мұғалім 3 қысқа дыбыс (домбыра тәрізді, перкуссия, клавиш) ойнатады немесе карточка көрсетеді; балалар көздерін жұмып, дыбысты ұқсаған аспап картасын көрсетеді. Қате болса, бірге тыңдап талқылайды: «Бұл үн қандай? Жылы ма, өткір ме?» Күтілетін нәтиже:баяу әуендерді қабылдайды, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай біледі	арасымен,кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру **4.Шығармашылық** **Сурет/мүсіндеу/жапсыру /құрастыру** **Сурет салу** **Менің ойыншығым**Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). **Мүсіндеу**: Оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу **Жапсыру:** Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сынарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. **Құрастыру** Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес

Сканировано с CamScanner

	Тәрбиеші 3 санына заттық көрнекілік арқылы түсінік береді: Мысалы:3Алма,3 доп 3 жапырақ Әр топтамада санау: «Қане, неше алма? Бір, екі, үш!» **2. 3 цифрымен таныстыру** Тақтада немесе үлгіде 3 цифры көрсетіледі. Саусақпен ауада жазу, трафаретпен жүргізу. **Салыстыру:** 2 мен 3-ті салыстыру. Мысалы: – Мұнда 2 қоңжық, ал мұнда 3. Қайсысы көп? **Ойын 1: "Үшеуін тап!"** **Тақырыбы:** 3 затты дұрыс санау **Мақсаты:** Заттар жиынынан 3-тен тұратын топты табу, санау дағдысын дамыту. **Барысы:** Тәрбиеші әр түрлі заттардан (ойыншық, сурет, геометриялық фигуралар) тұратын бірнеше топ көрсетеді. Балалар ішінде тек 3 заттан тұратын топтарды табады. **Ойын 2: "Үш түсті тауып боя!"** **Тақырыбы:** 3 санын түспен сәйкестендіру **Мақсаты:** 3 санына сәйкесті түстерді таңдап бояу, саусақ	**Тапсырма 1: "Қандай зат?"** **Барысы:** Балалар затты қолмен ұстап, сипаттайды. Мына сұрақтарға жауап береді: Бұл не? Не үшін қолданылады? Қандай материалдан жасалған? Бұл зат қатты ма, жұмсақ па? Ауыр ма, жеңіл ме? **Заттар үлгісі:** Ағаш қасық – ағаштан, қатты Пластик бөтелке – пластиктен, жеңіл Мақта – жұмсақ, су сіңіреді Темір қасық – темірден, салқын, ауырлау Доп – резеңкеден, серпімді **Тапсырма 2: "Заттың сыры неде?"** **Барысы:** Тәрбиеші балаларға **бейтаныс немесе сирек қолданылатын зат** көрсетеді (мысалы, күбі, таразы, пластик түтік, т.б.) Балалар оның не үшін керек екенін болжауға тырысады. Мысалы: – Бұл не деп ойлайсың? – Не үшін керек болуы мүмкін? – Қай материалдан жасалған? **Ойын: "Жұбын тап!"** **Мақсаты:** Заттарды материалымен сәйкестендіру. **Барысы:**	келетін жеміс жижекті,ал көк себетке дауыссыз дыбыстан келетін жеміс жидектерді салады.Ойынның соңында жеміс жидектерді қандай фигураларға ұқсайтынын айтады. Күтілетін нәтиже.Бастырып жаза алады.Дауысты .дауыссыз дыбыстарды және жеміс-жидектердің атауын дұрыс айта алады. **3.Көркем әдебиет** **Мақтақыз бен мысық** **Міндеті:** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну **Ертегіні қарау**(интерактивті тақтадан) **«Сұрақ жауап» ойыны:** Мақсаты:Ертегіні сұрақ жауап арқылы талқылау **«Суреттер сөйлейді» әдісі** **Мақсаты:**Суреттерді бояп отырып ертегінің жүйесін сақтап айту **Күтілетін нәтиже:** Таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру **4.Дене тәрбиесі** Жүгіру:	Әр дұрыс санағанда қол шапалақтау; «5» болғанда бәрі бірден секіру/қол көтеру арқылы белгі беру. Күтілетін нәтиже:5санын таниды. **3.Қазақ тілі** **Шәйнек** **Міндеті:**Тілдік және артикуляциялық аппаратты,тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Тәрбиеші жалпы қайнаған шәйнектен не себептен бу шығатынын және не үшін пайдаланатындығын, және қауіпсіздікті сақтау керек екенін түсіндіру **Ойын: Мені қайтала** Шәйнек атауын айтқызып, қайталатау, сөзді буындау дауысты, дауыссыз дыбыс сандарын білдіреді, қазақ тіліне тән «Ә» дыбысының орнын көрсету; «Шәйнек» деген жазудағы жетіспей тұрған әріптерді толықтыру жолдарын көрсету; Шәйнек бөліктерінің қандай қарындаштармен боялатынын сызықпен қосып, бояудың алгоритмін номерлеп, тапсырманы орындау. Күтілетін нәтиже:Ә,е дыбыстарын ажырата біледі **4.Музыка** «Біздің аспаптар» Міндеті: Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың)	ала жіп, кимешек, киіз үй, бешпент, камшы. Әр бала бір затты таңдап, не екенін айтады және сөйлем құрайды. Мысалы: – «Бұл – домбыра. Домбыра екі шекті. Ол ұлттық аспап.» Ойын: «Қай дәстүрге жатады?» Мақсаты: – Қазақ халқының салт-дәстүрлерін тануға үйрету; – Сөйлеу дағдысын дамыту. Барысы: Тәрбиеші суреттер немесе сөздік сипаттамалар ұсынады, ал балалар қай дәстүр екенін табады. Мысалы: – Сәбиді бесікке бөлейді → Бесікке салу – Сәби алғаш рет жүре бастағанда → Тұсау кесу – Ұлттық тағам дайындалады, көріседі → Наурыз мейрамы Күтілетін нәтиже: Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен танысады **3. Дене тәрбиесі** **Жүгіру:** **Міндеті:**Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру;бір сызыққа қойылған заттардың

Сканировано с CamScanner

	болып рөльдерді сомдау **Күтілетін нәтиже:** Балалардың сөйлей біліу, тыңдай білу қабілеттерен дамыту **4.Дене тәрбиесі** Жүру Міндеті:Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту;қолдарынан ұстап,жұптарымен айналу **Ойын:"Доптардан аттап өту"** Барысы: Гимнастикалық скамейка бойымен екі кадам сайын ішіне құм немесе үрленген материал салынған доптар қойылады. Балалар скамейка бойымен жүріп, доптардан аттап өтеді, тепе-теңдікті бұзбай. Мақсаты: Кеңістікті бағдарлау Сақтықпен қозғалу Аяқтың бұлшықеттерін дамыту **Ойын:"Жұптасып**	(шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Музыкалық ойын: «Аспапты тап!» Мақсаты: – Музыкалық аспаптардың дыбысын ажырату, есте сақтау қабілетін дамыту. – Әуен ырғағына көңіл бөлу. Барысы: – Балалар көздерін жұмады (немесе артқа қарайды). – Тәрбиеші бір музыкалық аспапты (мысалы: домбыра, сылдырмақ, барабан) ойнайды. – Балалар қандай аспап екенін дыбысына қарай табуы керек. – Тапқан бала сол аспапты көрсетіп, шағын би қимылын орындайды. 2. Қимылды ойын: «Әуенге сай қимыл жаса» Мақсаты: – Ән ырғағына сәйкес би қимылын жасауға үйрету. – Музыканың қарқынын, сипатын сезіне білуге тәрбиелеу. Барысы: – Тәрбиеші екі түрлі әуен қосады: – Баяу, лирикалық (вальс ырғағында) – Шапшаң, көңілді (марш немесе халық әні стилінде) – Балалар әуеннің сипатына сай би қимылдарын	– Қасқыр – тізесін бүгіп, жай басады **Күтілетін нәтиже:** Берілген жаттығуларды дұрыс орындауға дағдыландыру		композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Әрбір бала өзінің ойыншығының суретін салып.Оны ермексазбен әдемілеп жапсырады. Күтілетін нәтиже:Сурет салу дағдысы қалыптасады.Ерсексазбен жұмыс жасай отырып оны қағаз бетіне жапсырып тегістеуді үйренеді

Сканировано с CamScanner

	айналайық" Барысы: Балалар екі-екіден жұпқа бөлінеді. Қол ұстасып, бір-біріне қарап тұрады. Музыка қосылады немесе тәрбиеші санайды (1-2-3). Балалар жұбымен бір бағытта, кейін кері бағытта айналады (ортада тепе-теңдікті сақтау керек). Күтілетін нәтиже: кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүре алады	орындайды: – Баяу әуенде — қолдарын жайып айналады, баяу қозғалады Күтілетін нәтиже: Жылдам әуенде — секіреді, шапшаң қозғалады.Әуендерді ажыратады.			
Серуенге дайындық	**Тәрбиешінің ескертуі:** «Балалар, енді серуенге шығамыз. Барлығымыз тәртіппен киінеміз.» Киіну алдында **дәретханаға** бару ұсынылады. **Киіну тәртібі:** Балалар тәрбиешінің көмегімен келесі реттілікпен киінеді: **Киіну кезінде:** Өз киімін өзі табуға, киінуге үйрету Бір-біріне көмектесуге баулу Есік алдында тәрбиеші **тәртіп пен қауіпсіздік ережелерін** еске салады: Жүгірмеу Бір-бірін итермеу Тәрбиешіден алыстамау **Ескерту:** Ауа райына сай киінуге назар аударылады Егер ауа райы желді, салқын болса – жылы киім мен бас киім міндетті Серуен кезінде қауіпсіздік ережелері басты назарда болады				
Серуен	**Картотека №15** **Тақырып: Құстар – табиғат досы** 1. Балалардың дербес әрекеті: Балалар құстардың ұшуын, олардың	**СКартотекасы №16** **Тақырып:** *«Басқа топ балаларын бақылау»* **1. Балалардың дербес әрекеті:** Балалар өз топтарымен бірге ойнап, жақын маңда	**Серуен Картотекасы №17** **Тақырып: «Қоңыр күз келді»** 1. Балалардың дербес әрекеті: Балалар өз беттерімен алаңды аралап, айналадағы өзгерістерге назар аударады	**Серуен Картотекасы №19** **Тақырып:** *«Қайтқан құстар»* *(Қайталау және бекіту)* **1. Балалардың дербес әрекеті:** Балалар аспанға қарап, құстардың қайту бағытын, саны мен ұшу үлгісін бақылайды. Бір-	**Серуен Картотекасы №20** **Тақырып:** *«Өзге топ – үлгі»* **1. Балалардың дербес әрекеті:** Балалар алаңда еркін

Сканировано с CamScanner

	дауыстарын тыңдап, бір-біріне қандай құс екенін айтып береді. Әр бала өзіне ұнаған құс туралы әңгімелейді. 2. Қимылды ойындар: «Қайтқан құстар» – балалар бұрын ойнап үйренген, бағытпен жүгіру. «Құстар мен мысық» – рольдік ойын, шапшаңдық, кеңістікте бағдар. 3. Бақылау: Тақырыбы: «Қайтқан құстарды бақылау» Балалармен бірге аспандағы құстардың топталып, ұзақ сапарға кетіп бара жатқанын бақылау. Қандай құстар қайтады? (қарлығаш, тырна, шағала т.б.) ұстардың дыбыстарын зерттеу Эксперимент: Мобильдік қосымша немесе интерактивті тақтамен құстардың дауысын тыңдау, қай құстың дауысы екенін анықтау. Құстардың қайтқан немесе қалып қалған түрлерін ажырату. Мақсаты: Құстардың дауысын тану, олардың мінез-құлқын түсіну.	ойнап жатқан өзге топ балаларын сырттай бақылайды. Олардың қандай ойын ойнап жатқанын, қалай тәртіп сақтап жүргенін талдайды. **2. Қимылды ойындар:** **«Жай жүгіріп өт»** **Барысы:** Балалар белгіленген аралықты жүгіріп өтеді. Түрлі кедергілер арқылы жүру (мысалы, жалауша, шеңбер, секіртпе). **«Аюлар мен аралар»** **Барысы:** Балалар – аюлар. Тәрбиеші – ара. Аюлар «орманда» бал теріп жүреді, тәрбиеші «ара келді!» дегенде, балалар тығылады немесе қашады. **3. Бақылау:** **Тақырыбы:** *«Өзге топ балаларының іс – әрекеті»* Балалардың ойын кезіндегі тәртібін, қарым-қатынасын бақылау. Кім қандай ойын ойнап жатыр, қандай ойыншықтар қолданып жатыр – осыны айту арқылы қырағылық, байқағыштық дамыту. **4. Еңбек әрекеті:** Алаңдағы сынған бұтақтарды, жапырақтарды арнайы белгіленген орынға жинау.	(ағаш жапырағы түгел түсіп қалған, шөп солған, т.б.). Өз байқағандарын тәрбиешіге айтады. 2. Қимылды ойындар: «Үрпек төбет» Барысы: Балалар – қозы, бір бала – төбет. Қозылар жайылып жүреді. Төбет ескерту беріп, оларды қорғайды. Қасқыр келсе – қуады. «Жасырынбақ» Барысы: Бір бала тығылады, қалғандары іздейді. Барлық бала кезекпен тығылады. 3. Бақылау: Тақырыбы: «Қоңыр күзді бақылау, салыстыру» Алғашқы күз бен қоңыр күздің айырмашылығын атау (ағаш жалаңаш, күн салқын, жел күшейген). Бақылау-зерттеу әрекеті: Балалар күн сайын аспанның өзгерістерін бақылап, ауаның температурасы мен желдің бағыты туралы әңгімелейді. Жапырақ түсінің бірсарынды, қоңыр реңкке айналғанын байқау. 4. Еңбек әрекеті: Құмсалғыштағы құмды күрекшемен көтеріп, жайып шашпауға, ұқыпты жұмыс істеуге үйрету.	біріне қай құс екенін айтып, түсіндіреді. **2. Қимылды ойындар:** **«Қайтқан құстар»** **«Құстар мен мысық»** (Қимылдар нақты, бағытты. Қайтқан құстардың үшбұрышты қозғалысы бейнеленеді.) **3. Бақылау:** **Тақырыбы:** *«Қайтқан құстарды бақылау»* Аспаннан топтасып ұшқан құстарды байқау. Балалардың естіген құс дауысын сипаттап беруі. Қандай құстардың атын біледі? (қарға, қарлығаш, үкі, көгершін, т.б.) **ұстар мен жәндіктердің қоректену тізбегі** *Эксперимент:* Интерактивті тақтамен қоректену тізбегін құру: жәндіктерді, құстарды, өсімдіктерді орналастырып, оларды қалай байланысатынын көрсету. **4. Еңбек әрекеті:** Құс жем салғышты балалармен бірге безендіру немесе құстарға жем салу.	ойнап, кейін жақын маңдағы өзге топтың әрекетін бақылап, «Кім не істеп жатыр?», «Ойын тәртібі қандай?» деген сұраққа жауап береді. **2. Қимылды ойындар:** **«Жай жүгіріп өт»** **«Аюлар мен аралар»** (Қимыл ойындары ережені бұзбай ойнауға бағытталған. Жаңа қозғалыс нұсқалары қосуға болады – артпен жүру, шеңбер бойымен жүгіру т.б.) **3. Бақылау:** **Тақырыбы:** *«Өзге топ балаларының іс – әрекеті»* Балалардың тәртіппен, өзара сыйластықпен ойнауын бақылау. Балалар өз байқағанын айтып, қандай әрекеттер үлгі болатынын атауы керек. **4. Еңбек әрекеті:** Ағаш түбін, гүлзар маңын жапырақтан тазалау. Еңбек кезінде құрал-сайманды дұрыс қолдану (күрекше, сыпырғыш). **«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелері туралы** Мақсаты: Арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту; Сөздік қорларын молайту. Бақылау барысы: Көркемсөз Үлкен болдым десем де,

Сканировано с CamScanner

					Ешкім маған сенбейді. «Жалғыз жүрме көшеде, Кішкентайсың сен»- дейді. Үлкенмін ғой міне мен, Ойыншықтарды жинаймын. Машинаға мінер ем, Кабинаға сыймаймын. Сұрақтар.

Серуеннен оралу	**Топқа кіру:** **Кіреберісте аяқ киімін сүртіп кіру** ескертіледі (егер лас болса). **Шешіну және тазалық сақтау:** Балалар сырт киімдерін тәртіппен шеше бастайды: **бас киім, куртка, аяқ киім** Киімдерін белгіленген орынға қояды (ілгішке іледі немесе себетке салады) **Тәрбиеші балаларға көмектеседі**, бірақ өз бетінше шешінуге ынталандырады. **Қол жуу:** Балалар **дәретханаға** немесе **жуыну бөлмесіне** барып қолдарын жуады: Сабындап жуу Қолдарын сүрту (орамал немесе қағаз сүлгімен) **Тазалық сақтау ережелері** қайталанады:«Қолымызды жуу — денсаулық кепілі!»				
Жеке жұмыс	**Сөйлеу дағдысы** **Мақсаты**: Сөздік қорын және сөйлеу қабілетін дамыту Жұмыс түрі: Сурет бойынша әңгіме құрату Құрал: Сурет карточкасы (мысалы: балалар бақшасында ойнап жүрген көрініс) Тапсырма: Баламен бірге суретті қарап, "Не болып жатыр?", "Кім не істеп жатыр?" деген сұрақтар қойылады Баладан 3-4 сөйлеммен	**Қиялды дамыту** **Мақсаты:** Қиял мен шығармашылық қабілетті дамыту Жұмыс түрі: «Суретті аяқта» ойыны Құрал: Жартылай салынған сурет (мысалы: тек бұлт, немесе тек аяқтар бейнеленген) Тапсырма: Баладан суретті толықтырып салуын сұрау Суретке атау беріп, қысқаша не салғанын айтып беру Қиялы мен түсінігі	**Логикалық ойлау** **Мақсаты**: Баланың ойлау қабілетін, салыстыру мен талдау дағдысын дамыту Жұмыс түрі: Ұқсастықты табу Құрал: Сурет немесе зат карточкалары (мысалы: алма, доп, банан, шеңбер) Тапсырма: «Қайсысы артық? Неге?» сұрағы қойылады Баланың логикалық дәлелі тыңдалады Ұқсас/айырмашылығын түсіндіруді сұрау	**Есту арқылы қабылдау** **Мақсаты: Естіп түсіну мен есте сақтауын дамыту** Жұмыс түрі: «Кім не істеп жатыр?» ойыны Құрал: Сөздік тапсырма (ауызша) Тапсырма: Мұғалім мынадай сөйлем айтады: «Асан доп ойнап жүр. Айгүл кітап оқып отыр. Арман гүл суарып жатыр.» Сұрақ қойылады: «Кім кітап оқып отыр?», «Гүл суарып жатқан кім?» Есту арқылы ақпаратты есте	Танымдық (логикалық ойлау) **Мақсаты:** Қарапайым математикалық ұғымдарды меңгерту **Жұмыс түрі:** Сан мен пішін ойындары **Құрал:** Геометриялық пішіндер **Тапсырма:** — «Артық пішінді тап» ойыны: 4 заттың ішінен біреуі артық — неліктен екенін айту

Сканировано с CamScanner

	әңгіме құрау сұралады Сөйлем құрауы, байланыстырып сөйлеуі бағаланады	бағаланады		сақтау тексеріледі	
Балалардың өзіндік іс-әрекеті (ұтқырлық ойындары, үстел ойындары, бейнелеу әрекеттері, кітаптарды қарау және т. б.)	**«Шеңбердегі ойын» (Жұмбақтар)** Мақсаты: Балалардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: Қағаз парақтарындағы жұмбақтар. Ережелер: Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне қазақша жұмбақтар айтады. Жұмбақты дұрыс шешкен бала келесі жұмбақты айтады. Ойын балалардың қазақтың дәстүрлі жұмбақтарын білулеріне мүмкіндік береді	**«Түлкі мен қоян» Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен ептілікке үйрету.** Құралдар: Жердегі сызық немесе белгіленген орын. Ережелер: Балалар екі топқа бөлінеді: біреуі түлкі, екіншісі қоян болады. Түлкі мен қоян белгіленген сызық бойында жүреді. Түлкі қоянды қуып жетіп, ұстап алуы керек. Қоян түлкіден қашып, өз сызығынан өтіп кетпеуі керек. Ойын сынып ішінде орындалады.	**«Қазақша күрес» Мақсаты: Балалардың денесін шынықтырып, күш-жігерін арттыру.** Құралдар: Жұмсақ кілем немесе кішігірім төсеніш. Ережелер: Балалар жұпқа бөлініп, бір-бірімен «қазақша күрес» ойнайды. Ойынның мақсаты — қарсыласты төселген кілемге немесе жерге құлату. Балалар бір-біріне ешқандай жарақат келтірмей, тек жеңіл әрі қауіпсіз қозғалыстар жасайды.	**«Арқан тартыс» (Сынып ішінде) Мақсаты: Балалардың күшін тексеріп, командалық рухты дамыту.** Құралдар: Ұзын арқан немесе жіп. Ережелер: Балалар екі топқа бөлінеді. Топтар өздері тартып тұрған арқанның белгілеген сызықтан өтуіне жол бермей, қарсыластарын сызықтың арғы жағына тартуы керек. Балалар сыныптың ішінде қауіпсіз түрде орын ауыстыра алады	**«Ақша жинақтайтын сандықша»дидактикалық ойын Мақсаты:балалардың ақша туралы түсініктерін кеңейту. Материалдар: ақша жинайтын** сандықша, монеталар. Барысы: балаларға монеталар мен жинақ сандықша ұсынылады. Тәрбиешібалаларға жұмбақтар жасырады,дұрыс жауап берген балаға монета беріледі, оны жинақ сандықшаға салады. Жұмбақтардың шешуін тауып болғаннан кейін балалар жинақ сандықшадағы монеталарды санайды.
Балалардың үйге қайтуы	Бала ата-анадан үлгі алады • Ата-ананың өз жұмысына деген құрметі, кәсіби мәдениеті балаға кәсіпке сүйіспеншілікпен қарауды үйретеді. • Баламен өз жұмысыңыз туралы бөлісіңіз: «Мен дәрігермін, адамдарға көмектесемін», «Мен құрылысшымын – үйлер саламын» деген секілді. Мектепке дейінгі ұйыммен бірлесе әрекет етіңіз • Бала тәрбиесінде тәрбиеші мен ата-ана – бір команда болуы керек. • Мекемеде өтетін шараларға қатысу, үй тапсырмаларына көңіл бөлу – баланың тәрбие мен білімге деген қызығушылығын арттырады. Баланы мақтау мен қолдаудан аямайық • Әрбір кішкентай жетістік – баланың болашақтағы үлкен қадамдарына бастар жол. Еңбекке тәрбиелеу кезінде «Сен істей аласың», «Жарайсың!» деген жылы сөздермен мотивация беріңіз.				

Сканировано с CamScanner

	Намыс – туған еліне, тіліне, жеріне деген сүйіспеншілігі мен құрметі. **Ойланайық…** Балаңыз өз ұлтын мақтан тұта ма? Өз ана тілінде еркін сөйлей ме? Елі туралы сұрақ қойсаңыз, жауап бере ала ма? Бұл сұрақтардың жауабы – сіз бен біздің ортақ еңбегіміз. **Бірге орындайық** **Мақалмен тәрбиелеу** Күн сайын бір мақал айтып, оның мағынасын балаға түсіндіріңіз. **Іспен үлгі көрсету** • табиғатты аялау; • үлкенді сыйлау; • кішіге қамқор болу. Осындай әрекеттер арқылы бала бойында жауапкершілік пен отаншылдық қалыптасады.

Сканировано с CamScanner